



сенімді | надежное  
сақтандыру | страхование

«МҰНАЙ САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

**АВТОКОЛІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН  
ЕРИКТІ САҚТАНДЫРУ  
ЕРЕЖЕЛЕРИ**

**«Мұнай сақтандыру компаниясы» Акционерлік Қоғамы  
Директорлар Кеңесі Бекіткен**

**2025 жылғы «03» сәуірде №02-01/09 хаттама  
2025 жылғы «07» сәуірден бастап қүшіне енді**

**Семей қ.**

**МАЗМҰНЫ:**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИЛЕРИНІҢ ТІЗБЕСІ .....	6
3. САҚТАНДЫРУШЫНЫң ӨТЕУІНЕ ЖАТАТЫН ШЫҒЫСТАР .....	6
4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ .....	6
5. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ .....	7
6. ФРАНШИЗА .....	8
7. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ .....	8
8. САҚТАНДЫРУ АУМАГЫ .....	8
9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТАЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР .....	8
10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ .....	11
11. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ .....	12
12. ТӘУЕКЕЛ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ .....	13
13. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ .....	13
14. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙ БЕЛГІЛЕРІ БАР ОҚИФА БОЛҒАН КЕЗДЕ ТАРАПТАРДЫҢ IC-ӘРЕКЕТТЕРІ .....	17
15. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТАЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ .....	18
16. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖУЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ .....	
САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕ КЕЛІСУ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ .....	19
17. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ӨЗГЕРТІЛУІ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛУЫ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫң ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ .....	22
18. ҚОСАРЛАНғАН САҚТАНДЫРУ .....	24
19. СУБРОГАЦИЯ .....	24
20. ФОРС-МАЖОР .....	24
21. Дауларды шешу тәртібі .....	25
22. Қосымша шарттар .....	26

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес және осы автокөлік және өзге де көлік құралдарын ерікті сақтандыру Ережелері (бұдан әрі - "Ережелер") негізінде, "Мұнай сақтандыру компаниясы" АҚ (бұдан әрі - "Сақтандырушы") заңды (меншік нысанына және үйымдық-құқықтық нысанына қарамастан) және жеке (азаматтығына қарамастан) тұлғалармен (бұдан әрі "Сақтанушы") Ережелерде көрсетілген тәуекелдерден осы автокөлік және өзге де көлік құралдарын ерікті сақтандыру Шартын (бұдан әрі - "Сақтандыру шарты") жасасады.

1.2. Сақтанушының сақтандыру Шартын жасасу кезінде сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алу үшін жеке немесе заңды тұлға (Пайда алушы) тағайындауға құқығы бар. Сақтандыру сыйлыққысын толеу міндеттің қоспағанда, Ережеде айтылған Сақтанушының міндеттері, егер бұл сақтандыру шартында көзделген болса, пайда алушыға да тен дәрежеде қолданылады.

### 1.3. Глоссарий:

1.3.1. **Сақтандырушы** - "Мұнай сақтандыру компаниясы" Акционерлік қоғамы, заңды тұлға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және сақтандыру / қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар.

1.3.2. **Сақтанушы** - кез келген үйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға немесе Сақтандырушымен сақтандыру Шартын жасасқан жеке көсіпкер немесе әрекетке қабілетті жеке тұлға. Сақтанушы КҚ иесі болып табылатын немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы және жедел басқару құқығындағы КҚ-на немесе кез келген басқа заңды негізде (мұліктік жалдау шарты, КҚ басқару құқығына сенімхат, КҚ беру туралы құзыретті органның өкіміне байланысты және т.б.) иелік ететін тұлға болуы.

1.3.3. **Багалауши** - көсіптік қызметті багалаушылар палатасы берген және бағалаушылар палаталарының бірінің мүшесі болып табылатын "бағалаушы" біліктілігін беру туралы куәлік негізінде қызметін жүзеге асыратын жеке тұлға.

1.3.4. **Сақтандырушының маманы-** шарт жасасу кезіндегі КҚ-дың нарықтық құнын және сақтандыру жағдай басталған кезде сақтандыру шарттары бойынша оған көлтірілген зиян мөлшерін анықтау кіретін функционалдық міндеттері бар Сақтандырушының қызметкери.

1.3.5. **Сақтандырылуышы**-өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға. Егер басқасы сақтандыру Шартында көзделмесе, Сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған болып табылады. Жеке тұлғамен сақтандыру Шартын жасасу кезінде сақтандыру Шартында көрсетілген Сақтанушының келісімімен және қатысуымен көлік құралын басқаруға құқығы бар тұлға Сақтандырылуышы болып табылады.

1.3.6. **"Мультидрайв" опциясы** - сақтандыру Шартына қосымша келісімді ресімдемей және оған кол қоймай, көлік құралдары иелерінің (атап айтқанда, сақтандыру шартында көрсетілген КҚ) азаматтық - құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру Шартына Сақтандырылуышы ретінде енгізілген жеке тұлғаларға қатысты жүзеге асырылатын сақтандыру.

1.3.7. **Пайда алушы**-сақтандыру Шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алу мақсатында Сақтанушы тағайындаған жеке немесе заңды тұлға.

1.3.8. **Тараптар**- Ережелер мәтінінде сақтандыру субъектілерінің бірлескен атауы.

1.3.9. Ережелер шенберінде сақтандыру субъектілері болып Сақтандырушы, Сақтанушы және Пайда алушы танылады.

1.3.10. **Сақтандыру Ережелері** – сақтандыру Шарты жасалатын сақтандыру субъектілерінің сақтандыру тәртіппері мен өзара іс-қимылын қамтитын осы құжат (бұдан әрі мәтін бойынша - "Ережелер").

1.3.11. **Сақтандыру Шарты**-Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындағы келісім, соның арқасында Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру Шартында келісілген төлем үшін Пайда алушыға сақтандыру жағдайы салдарынан көлтірілген залалды өтеуге міндеттенеді.

1.3.12. **Сақтандыру жағдайы**-, басталуы ықтималдық белгілеріне ие, кенеттен және құтпеген әсер ету нәтижесінде пайда болған, көлік құралының сақтандыру Шартында көрсетілген закымданғаны, жойылғаны және немесе жогалғаны үшін сақтандыру Шартына сәйкес Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті, сақтандыру Шартында сақтандыру тәуекелі ретінде көзделген оқиға.

1.3.13. **Сақтандыру тәуекелі**-пайда болған жағдайда сақтандыру жүргізетін болжамды оқиға. Сақтандыру тәуекелі ретінде қарастырылатын оқиға оның пайда болу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілеріне ие болуы керек.

1.3.14. **Сақтандыру сомасы**-сақтандыру Шарты жасалған кезде белгіленген тәртіппен айқындалған,

сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сыйлықақысының мөлшері мен сақтандыру төлемінің мөлшері белгіленетін ақшалай сома.

1.3.15. **Франшиза**-сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босатуды көздейтін сақтандыру Шартының талабы.

1.3.16. **Сақтандыру сыйлықақысы**-Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру Шартында айқындалған мөлшерде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы. Сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігі сақтандыру жарнасы болып саналады.

1.3.17. **Сауалнама-өтініш** – Сақтандырушының талабы бойынша Сақтанушы жазбаша хабарлаған сақтандыру жағдайының туында ықтималдығын анықтауга арналған елеулі маңызы бар мәнжайларды қамтитын сақтандыруға өтініш. Сауалнама-өтінішті Сақтандырушының өкілі Сақтанушының сөзімен толтыра алады. Сақтанушы өтініштегі мәліметтердің дұрыстығын өз қолымен күеландырады. Сақтандыруға өтініш-сауалнама сақтандыру Шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

1.3.18. **Жол-көлік** оқиғасы (бұдан әрі – "ЖКО") - көлік құралы жолмен жүрү барысында және оның қатысуымен туындаған, адамдар қаза тапқан немесе жараланған, көлік құралдары, құрылыштар, жүктөр бүлінген не өзге де материалдық залал келтірілген оқиға.

1.3.19. **Көлік құралы (бұдан әрі "КҚ")** – жолдармен адамдарды, жүктөрді немесе оған тиілген жабдықты тасымалдауга арналған құрылғы;

1.3.20. **КҚ қосымша жабдығы**-оған стационарлық орнатылған (яғни монтаждауды қажет ететін), бірақ зауыттық жиынтыққа кірмейтін КҚ жабдықтары мен керек-жарақтары (теле-, радио-және дыбыс шығаратын аппаратура, салон жабдығы, корпустағы және шыныдағы/оптикадағы қорғаныш жабындары мен пленкалар зауыттық ЛБЖ/шынылардың үстіне жағылған, жарық, сигналдық құрылғылар, спойлерлер, қанаттарға қарсы, табалдырықтар мен қанаттар төсемдері, сүйретуге арналған құрылғылар және КҚ-на қосымша орнатылған өзге де жабдықтар). КҚ-н тексеру негізінде және өтініш-сауалнамада міндетті түрде көрсете отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушының келісімі бойынша қосымша деп танылған өзге де жабдық. Таралтардың келісімі бойынша Жабдықтың жекелеген түрлері КҚ құрамында сақтандырылуы мүмкін, бұл сақтандыру Шартында көрсетіледі. Қосымша жабдық ол орнатылған КҚ-нан бөлек сақтандыруға жатпайды.

1.3.21. **автокөлік көлік құралы (бұдан әрі – автокөлік құралы)** – автобустарды, шағын автобустарды, женіл және жүк автокөлікдерін, автокөлік тіркемелерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ мамандандырылған автокөлікдерді (жүктөрдің белгілі бір түрлерін тасымалдауга арналған) және арнайы автокөлікдерді (әртүрлі негізінен көліктік емес жұмыстарды орындауга арналған) қамтитын автокөліктің жылжымалы құрамының бірлігі);

1.3.22. **механикалық КҚ** қозғалтқышпен қозғалатын мопедтен басқа КҚ. Ұғым тракторлар мен өздігінен жүретін машиналарға да қатысты;

1.3.23. **женіл автокөлік**-жолаушылар мен бағажды автокөлікпен тасымалдауга арналған және жүргізушінің орнын қоспағанда, отыруға арналған орыны сегізден аспайтын автокөлік құралы;

1.3.24. **жүк көлігі**-автокөлік жолдары арқылы жүктөрді тасымалдауга арналған механикалық жетегі бар автокөлік құралы.

1.3.25. **жүк автокөлік құралы**-жүк автокөліктерін, автокөлік тіркемелерін, ершікті тартқыштарға жартылай тіркемелерді, сондай-ақ мамандандырылған автокөліктерді (жүктөрдің белгілі бір түрлерін тасымалдауга арналған) қамтитын жүк автокөлігінің жылжымалы құрамының бірлігі.

1.3.26. **шагын автобус**-өндіруші зауытта көзделген жүргізушінің орнын қоспағанда, отыруға арналған орыны он алтыдан аспайтын ерекше шагын сыныпты автобус.

1.3.27. **Автобус**-жолаушылар мен бағажды тасымалдауга арналған, жүргізушінің орнын қоспағанда, отыруға арналған орыны сегізден астам автокөлік құралы;

1.3.28. **Тіркеме** – қозғалтқышпен жабдықталмаған және механикалық КҚ құрамында қозғалуға арналған КҚ. Осы ұғым жартылай тіркемелер мен ұзартпа тіркемелерге де қатысты;

1.3.29. **Мотоцикл**-бүйірлік тіркемесі бар немесе онсыз екі доңғалақты механикалық көлік құралы. Мотоциклдерге салмағы 400 кг - наң аспайтын үш және төрт доңғалақты механикалық КҚ-ға теңестіріледі;

1.3.30. **Арнайы автокөлік құралдары**-автоқрандар, гидравликалық сорғылар, телескопиялық гидравликалық көтергіштер, жылжымалы зертханалар, шеберханалар, моншалар, медициналық пункттер және т. б.

1.3.31. **Өзі түсіргіш автокөліктер:**

1.3.31.1. жолсыз жағдайларда пайдалануға арналған, өз қозғалтқышымен қозғалысқа келтірілетін доңғалақты немесе шынжыр табанды жүрістегі рельссіз өздігінен жүретін көлік;

- 1.3.31.2. жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарда жүргүгө арналмаған;
- 1.3.31.3. осытердің кез келген түрін тоқтата түру немесе осытерді тоқтата түру атқарылымы жок;
- 1.3.31.4. олардың техникалық сипаттамалары бойынша қозғалыс жылдамдығы, әдетте, 70 км/сағ-тан аспайды; кабинаның үстіндегі ілулі түрған немесе күнқағары жоқ немесе тубі төмен ашылатын аударылатын шанағы бар.
- 1.3.32. **Ерікті тартқышы** - бұл өз қозғалтқышымен жабдықталған және тек қана негізінен тіркемені немесе жартылай тіркемені сүйреуге арналған автокөлік құралы.
- 1.3.33. **Техникалық қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі - "ТҚКО")**-жоспарлы техникалық қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру, КҚ қалпына келтіру (шанак) жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша қызметтер көрсететін ұйым.
- 1.3.34. **Жол**-мемлекеттік есепке алынуға жататын және КҚ қозғалысына арналған инженерлік құрылыштар кешенін білдіретін жалпыға ортақ пайдаланылатын автокөлік жолы, шаруашылық автокөлік жолы, қала және елді мекен көшесі. Жол бір немесе бірнеше жолдарды, сондай-ақ трамвай жолдарын, жаяу жүргінші жолдарын, жол жиектерін және болған жағдайда бөлу жолақтарын қамтиды;
- 1.3.35. **Объектінің нақты құны**-оның моральдық және физикалық тозуын (амортизациялық) ескере отырып, сақтандырылған объектісі секілді маркалы КҚ (косымша жабдықтың) құны, не осы жердегі ұқсас КҚ-ның нарықтық құнын негізге ала отырып, не сақтандыру Шартын жасасу сәтіндегі оның нарықтық құнын негізге ала отырып, не құзыретті ұйым берген анықтама-шот, сатып алу-сату шарты немесе бағалау туралы есеп негізіндегі КҚ құны.
- 1.3.36. **Амортизация (тозу)** - пайдалану салдарынан оның физикалық және моральдық тозуы нәтижесінде, сондай-ақ технологиялық ресурсты өндіру нәтижесінде КҚ-ның бастапқы құнының төмендеуі және ол КҚ құнына пайыздық қатынаста есептеледі. Келтірілген залалдың мөлшерін есептеу Мемлекеттік органдардың нормативтік актілерімен бекітілген көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау жөніндегі Ережелерге сәйкес жүргізіледі.
- 1.3.37. **Көлік құралының оптикасы**-алдыңғы және артқы әйнек, алдыңғы шамдар, артқы шамдар, бүйірлік айналар және КҚ бүйірлік әйнек (есік әйнегі), көлік құралының төбесіндегі әйнек, артқы көрініс камерасы, айналдыра көру камералары, көлік құралының алдыңғы бамперінде орнатылған камера.
- 1.3.38. **Интернет-ресурс-** www.nsk.kz. мекенжайы бойынша Интернет ақпараттық-коммуникациялық желісіндегі Сақтандырушының ресми сайты.
- 1.3.39. **Электрондық нысандағы сақтандыру шарты**- БСДҚ ақпараттық жүйелерімен біріктірілген, мемлекеттік органдар мен ведомствоға қарасты ұйымдардың ақпараттық жүйелерінің деректерімен, Бірыңғай сақтандыру деректер қоры (бұдан әрі - БСДҚ) арқылы өткізу жолымен, өтініште көрсетілген мәліметтерді салыстыру (верификация) әдісі бойынша деректер қорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым арқылы меншіктелген сақтандыру шартының бірегей нөмірі.
- 1.3.40. Цифрлық бланк Сақтандырушының ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады, электрондық тангир торын, сақтандырушының ID шарты және логотип түріндегі енгізілген су белгілерін қамтиды. Цифрлік бланк құрамында QR код, Сақтанушыға/Сақтандырылушыға сақтандыру Шартының мәртебесін тексеру, сақтандыру Ережелерімен танысу үшін сақтандырушының сайтына өту мүмкіндігін береді, басып шығару / қалыптастыру күні мен уақыты көрсетіледі.
- 1.3.41. **Абандон**-Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтандырушының пайдасына сақтандырылған КҚ-ға қатысты өз құқықтарынан бас тарту туралы мәлімдеу және белгіленген франшизаны шегергенде сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін алу құқығы.
- 1.3.42. **Терроризм актісі** - егер бұл әрекеттер қоғамдық қауіпсіздікті бұзы, халықты қорқыту, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, арандату мақсатында жасалған болса, адамдардың қаза болу, мүліктік елеулі залал келтіру не өзге де қоғамдық қауіпті зардаптардың туындау қаупін туғызатын жарылыс, өртеу немесе өзге де іс-әрекеттер жасау соғыстар немесе халықаралық қатынастардың асқынулары.
- 1.3.43. **Ақаулық акті**-бұл көлік құралының ақаулықтары, жеткіліксіздігі, бұзылған жерін, оларды жөндеу тәсілдерін көрсету арқылы тіркейтін, бастапқы есептілік құжат.
- 1.3.44. **Бағалау туралы есеп**-бұл бағалау үшін Тапсырыс берушіге, сондай-ақ белгілі бір объектінің нарықтық немесе басқа құнын бағалау нәтижелерін қамтитын өзге мүдделі тұлғаларға арналған құжат.
- 1.3.45. "үәкілдегі органдардың тиісті өкілдері жасаған құжаттарының" опциясы Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде Ережелердің 15.1.9-тармағында

көрсетілген құжаттарды тапсырмау құқығын береді, бұл ретте Сақтанушы/Сақтандырылуши Ережелердің 14.1.1 және 14.1.2-тармақтарының шарттарын орындауға міндепті.

- 1.3.46. **"КҚ-ның тозуы ескерілген калькуляция бойынша" опциясы**- сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған КҚ-ның есептелген амортизациясын (тозуын) шегергендегі КҚ зақымдалуын қалпына келтіру құнын есептеу негізінде Сақтандырушы жасаған залалды есептеуді (калькуляцияны) білдіреді.
- 1.3.47. **"Дилерлік орталық" опциясы** - ресми дилерлерге техникалық қызмет көрсету орталығында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының құны негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру.
- 1.3.48. **"Сақтандыру компаниясының таңдауы бойынша ТҚҚО" опциясы**-Сақтандырушының ресми серіктестеріне техникалық қызмет көрсету орталығынан ұсынылған жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен материалдар құнының ақаулық актісі негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру.
- 1.3.49. **"Сақтануышының таңдауы бойынша ТҚҚО-нда іс жөндеу бойынша" опциясы**- кез келген ресми дилерлік орталықты қоспағанда, техникалық қызмет көрсету орталығынан ұсынылған қалпына келтіру жұмыстары мен материалдары құнының ақаулық актісі негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру. Бұл ретте шебердің жұмыс сағатының нормасы дилерлік орталық сағатының нормасынан аспауға тиіс.
- 1.3.50. **"Тараптардың келісімі бойынша ТҚҚО" опциясы** - жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру басталғанға дейін Тараптар келіскең техникалық қызмет көрсету орталығынан ұсынылған жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары мен материалдар құнының ақаулық актісі негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру.
- 1.3.51. **Ресми дилер**-бұл көлік құралдары өндірушілері мен автокөлік құралын сатып алғысы келетін заңды және жеке тұлғалар арасында делдал ретінде әрекет ететін сауда компаниясы. Өндірушімен немесе дистрибутормен тікелей әрекеттеседі және делдалдық тізбектің соңғы буны болып табылады.
- 1.4. Ережелерде басқа терминдер мен анықтамалар да қолданылады, олар Ереженің өзге тармақтары/тармақшаларында айқындалған.

## 2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТИЛЕРИНІҢ ТІЗБЕСІ

2.1. Сақтандыру Шартының әрекет ету мерзімі ішінде қолдану нәтижесінде сақтандыру Шартында көрсетілген КҚ-дың зақымдалуы, жойылуы және/немесе жоғалуына қатысты Сақтануышының мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. **Сақтандыру ережелеріне сәйкес КҚ-ның келесі түрлері сақтандыруға қабылданады:**

- 2.2.1. Женіл көлігі;
- 2.2.2. Жұқ көлігі;
- 2.2.3. Автобус, шағын автобус;
- 2.2.4. Құрылым техникасы;
- 2.2.5. Ауыл шаруашылығы техникасы;
- 2.2.6. Тіркеме (жартылай тіркеме); «
- 2.2.7. Мотокөлік;
- 2.2.8. Арнайы автокөлік құралдары.

## 3. САҚТАНДЫРУШЫ ТАРАПЫНАН ӨТЕУІНЕ ЖАТАТЫН ШЫҒЫНДАР

3.1. Сақтандыру Шартын жасасу кезінде КҚ-ның нарықтық құнын анықтау бойынша Сақтануышының шығындары, сондай-ақ 4.1.1 және 4.1.2.-тармақтарда көрсетілген сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыру жағдайының салдары болып табылатын Сақтануышының шығындарының туындастырылған тәуекелі. Мұндай шығындар, сақтандыру төлемі мен шығындардың өтемекшесінде жалпы мөлшері сақтандыру Шартында көзделген жалпы сақтандыру сомасынан аспауы үшін нақты мөлшерде өтеделі.

3.2. Сақтандыру Шартында көзделген жағдайда, кепілді мерзімнен кейінгі қызмет көрсетуге сәйкес Сақтануышының сақтандырылған КҚ-ның қосалқы бөлшектерді жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына арналған шығындары

3.3. **Ереженің 3.1-тармағында көрсетілген шығындарға келесілер жатады:**

3.3.1. апарттық комиссардың оқиға орнына баруын, оқиға орнын қарau актісін жасауды, фото кестелер жасауды қоса алғанда, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтануышының апарттық комиссардың қызметіне байланысты шығындар;

3.3.2. Сақтандыру Шартында көрсетілген сомадан аспайтын эвакуатор қызметінің құны мөлшерінде, елді мекен шенберіндегі оқиға орнына эвакуатор шақыруға байланысты Сақтануышының шығындары;

3.3.3. Сақтандыру жағдай нәтижесінде, КҚ-на келтірілген ақаулықтарды жұмыстарының актісін құрастыру бойынша Сақтануышының шығындары.

**4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ТӘҮЕКЕЛДЕРІ**

4.1. Келесі сақтандыру жағдайлар, Сақтанушының Ережелер мен Сауалнама-өтінішіне сәйкес сақтандыруға жатады:

- 4.1.1. "**ЗАЛАЛ**" - Сақтанушы КҚ - ның, яғни оның дайындаушы зауыт орнатқан бөліктері мен жабдықтарын, сондай-ақ резенке мен дискілердің<sup>1</sup> қосымша жиынтығын (қысқы немесе жазғы) және қосымша орнатылған жабдықты (сақтандырылған КҚ-ның сипаттамасын "КҚ-ны тексеру актісінен" қараңыз) жоғары және/немесе жоғалту, КҚ-ны иеленуге, пайдалануға байланысты төменгі оқиғалардың нәтижесінде пайда болатын зақымданудан туындаған мүліктік шығындарының тәуекелі;
- 4.1.1.1. "**ЖКО**" - КҚ жолмен жүруі барысында және оның қатысуымен (басып кету, аударылу, соқтығысу) туындаған, денсаулыққа зиян келтіруге, адамның өліміне, КҚ-га, құрылыштарға, жүктеге зақым келтіруге немесе өзге де материалдық залалға әкеп соқкан оқиға.
- 4.1.1.2. "**Соқтығысу**" - КҚ жолмен жүру қозғалысы барысында бір немесе одан көп үшінші тұлға КҚ-мен соқтығысуы (бір немесе одан көп КҚ механикалық қақтығысы) нәтижесінде орын алған жағдай және сол соқтығысудың салдарлары;
- 4.1.1.3. "**Өзге де сыртқы механикалық әсер**" - КҚ-ның бөгде обьектімен немесе затпен соқтығысуы, КҚ-га бөгде обьектінің немесе заттың құлауы немесе соқтығысуы, атап айтқанда: ғимараттар мен құрылыштардың шатырларынан, тіректерден, ағаштар мен олардың бұтақтарынан шатыр темірінің, қардың немесе мұздың құлауы, көлік дөңгелектердің астынан қырышық тастардың, тастардың және басқа да қатты заттардың шашырауы. Жануарлардың/құстардың соқтығысуы немесе оларды қағып кетуі, Шарттың қолданылу мерзімі ішінде, КҚ жолмен жүру процесінде және оның қатысуымен КҚ-ның сыртқы зақымдалуына немесе КҚ оптикасының зақымдалуына әкеп соқкан шығындар 1 (бір) рет жабылады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру Шартына осы тәуекелді жабудың өзге саны көзделуі мүмкін;
- 4.1.1.4. "**Найзагай тусу, дүлей апаттар**" - "Дүлей апаттар" тәуекел тобы деп егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе: жер сілкінің, жанартаулардың атқылауы немесе жер асты өртінің, көшкіннің, қар көшкінің, дауылдың, торнадоның, боранның, дүлей(қатты) желдің, теңіз дауылның, тайфунның, су тасқының, селдің, сел ағындарының түсі, цunami, топырақтың түсі, жерасты газдың шығарылуы, мұздың зақымдануы, жергілікті аймақта тән емес нөсер жаңбыр, қалың қар, боран; найзагайдың, бүршақтың әсерінен болатын залалдың туындау ықтималдығы түсініледі.
- 4.1.1.5. "**Үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері**" - (сақтандырылған КҚ-ның жекелеген бөліктері мен бөлшектерін ұрлауды қоса алғанда): Ережелер шеңберінде үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері деп үшінші тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқық бұзушылықтар және/немесе қылмыстар белгілері бойынша үәкілетті органдар білікті іс-әрекеттер жасауы түсініледі. Женіл шешілетін бөлшектерді (КҚ сыртындағы сыртқы айналар, доңғалақтар/қосалқы доңғалақ, белгілер/эмблемалар, шыны тазалағыштар, антенналар) ұрлау бөлігінде тәуекел - сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі ішінде 1 (бір) рет шығын жабылады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру Шартында осы тәуекелді жабудың өзге саны көзделуі мүмкін;
- 4.1.1.6. "**Оптиканың зақымдануы немесе жоғалуы**" - басқа көлік құралдарының дөңгелектерінің астынан қырышық тастардың, тастардың және басқа қатты заттардың шашырауы нәтижесінде, КҚ оптикасында (алдыңғы және артқы жел әйнек, алдыңғы шамдар, артқы шамдар, КҚ бүйірлік айналар және бүйірлік әйнек (есік әйнек), КҚ шатыр әйнегі), сақтандыру Шартын жасасу сәтінде "КҚ тексеру актісінде" тіркелген көрінетін зақым болмаган жағдайда ғана сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде 1 (бір) рет әдепті бойынша тәуекел жабылады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру Шартына осы тәуекелді жабудың өзге саны көзделуі мүмкін;
- 4.1.1.7. "**Өрт**" - өз бетімен тарауға қабілетті және материалдық залал келтіретін от жағу және от жануын сақтап тұруға арналған арнайы орындар немесе осы жерлердің шетінен тыс орында туындаған бақылаусыз жану.
- 4.1.1.8. "**Жарылыс**" - жану, ұшқындардың ұшуы, сынықтар (жарықшақтар) тиоі, газдар мен булардың бөлінуі катар жүретін, қысымның секіруіне немесе соққы толқынның пайда болуына алып келетін, заттың лездік физикалық химиялық қүйіне байланысты, қысқа уақыт арасында энергия бөліну үрдісі.

1

КҚ-н қарау кезінде Сақтанушы резенке мен дискілердің қосымша жиынтығын ұсынбаған және тексеру актісінде резенке мен дискілердің қосымша жиынтығы бойынша ақпарат болмаган жағдайда Сақтандырушы сақтандырылмаған резенке мен дискілер жиынтығы (оның ішінде ДО) сақтандыру жағдайының басталуына байланысты бүлінген жағдайда сақтандыру өтемін төлемейді.

- 4.1.2. "АЙДАП КЕТУ немесе ҮРЛАУ<sup>2</sup>"- үрлау (айдап кету) мақсатын менземеген КҚ заңсыз иелену немесе КҚ үрлауға байланысты Сақтанушының мүлікті жоғалту тәуекелі;

## 5. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН АЙҚЫНДАУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Сақтандыру Шартында жалпы сақтандыру сомасы шегінде әрбір жеке сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру сомалары белгіленуі мүмкін.
- 5.2. "ЗАЛАЛ" сақтандыру жағдайы бойынша КҚ сақтандыру кезінде сақтандыру өтілімі "КҚ тексеру актісінде" көрсетілмеген жабдықты қамтымайды.
- 5.3. "ЗАЛАЛ" және "АЙДАП КЕТУ немесе ҮРЛАУ" сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру сомасы сақтандыру Шартын жасасу сәтінде сақтандырылған КҚ-ның нақты құнынан асып кетпеуі тиіс.
- 5.4. Сақтандыру Шартында айқындалған сақтандыру сомасы КҚ-ның нақты құнынан асып кеткен жағдайда, сақтандыру Шартын жасау күніндегі КҚ-ның нақты құнынан асатын бөлігінде сақтандыру жарамсыз болып табылады.
- 5.5. Егер сақтандыру Шартында белгіленген сақтандыру сомасы, сақтандыру жағдайы орын алған сәтте, сақтандырылған КҚ-ның нақты құнынан төмен болып шықса, сақтандыру Шартында өзгесі көрсетілмеген болса, сақтандыру төлемі, КҚ-ның нақты құнына сақтандыру сомасының пропорционалды қатынасы негізінде жүргізіледі.

## 6. ФРАНШИЗА

- 6.1. Сақтандыру шартында Тараптар франшиза мөлшерін айқындауы мүмкін.
- 6.2. Франшиза әрбір КҚ бойынша және әрбір тәуекел бойынша немесе сақтандыру сомасына қатысты пайызben, немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді.
- 6.3. Егер бірнеше сақтандыру жағдайлары орын алса, әр жағдай бойынша сақтандыру төлемін есептеу кезінде франшиза ескеріледі.
- 6.4. Егер бір сақтандыру жағдайының нәтижесінде сақтандыру Шартында жеке франшизалар қарастырылған бірнеше КҚ зақымдалса, олар үшін әрбір КҚ бойынша сақтандыру төлемін есептеу кезінде франшиза ескеріледі.
- 6.5. Сақтандыру Шартына сәйкес франшиза "шартты" болуы мүмкін (Сақтандыруши егер оның мөлшері франшиза мөлшерінен аспайтын болса, залалды өтсөуден босатылады, алайда залал мөлшері франшиза мөлшерінен асып кеткен жағдайда оны толығымен өтейді) және "шартсыз" (сақтандыру төлемінің мөлшері залал мөлшері мен франшиза мөлшері арасындағы айырма ретінде айқындалады).
- 6.6. Сақтандыру шартында франшиза түрі көрсетілмеген жағдайларда франшиза "шартсыз" болып есептеледі.

## 7. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ

- 7.1. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері КҚ сипаттамаларына, оның шарттары мен оны пайдалану ерекшеліктеріне, сақтандыру мерзіміне, сақтандыру жағдайларына, сондай-ақ сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына әсер ететін өзге де факторларға байланысты, Сақтандыруши белгілеген тарифтерге сәйкес есептеледі.
- 7.2. Көлік құралының жеке сипаттамаларына және оны пайдалану ерекшеліктеріне байланысты Сақтандыру шарттары (оның ішінде тарифтердің мөлшері) Тараптардың келісімі бойынша өзгеріліп мүмкін.
- 7.3. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу сақтандыру Шартында өзгесі көзделмеген жағдайда, Тараптар сақтандыру Шартына қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.
- 7.4. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушиның банктік шотына қаражат аудару арқылы немесе Сақтандырушиның кассасына қолма-қол ақшамен төленеді.

## 8. САҚТАНДЫРУ АУМАҒЫ

- 8.1. Егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе, Сақтандыру жағдайы бойынша ЗАЛАЛ сақтандыру Шарты Сақтанушының таңдауы бойынша келесі аумақтарда қолданылады:
- 8.1.1. Қазақстан Республикасының аумағында;
- 8.1.2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің (бұдан әрі - "ТМД") аумағында;
- 8.1.3. Бүкіл әлем аумағында тек андеррайтингке бекітілген өтінімі арқылы.
- 8.2. АЙДАП КЕТУ немесе ҮРЛАУ сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру шарты, сақтандыру

Шартында өзгесі көзделмесе, тек Қазақстан Республикасының сақтандыру аумақтарында әрекет етеді.

## 9. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНА ЖАТПАЙТЫН ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ ОҚИҒАЛАР

- 9.1. Барлық жағдайларда төмендегі себептер, оқиғалар немесе әрекеттер салдарынан тікелей немесе жанама түрде келтірген залал өтелмейді:
- 9.1.1. Сақтандыру жағдай орын алған сәтте, сәйкес санатты жарамды жүргізуші күелігі жоқ тұлғаның, сондай-ақ, сақтандыру Шартында КҚ жүргізу құқығы қарастырылмаған тұлғаның КҚ жүргізуі;
- 9.1.2. КҚ жүргізген тұлғаның психикалық белсенді зат қабылдаған және мас күйінде болу дәйектерінің расталуы;
- 9.1.3. КҚ басқарған Сақтандырылуши ЖКО орнын тастап кетуі;
- 9.1.4. Сақтандыру Шарты, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарын жасау кезінде Сақтандырушыға көрінеу жалған мәліметтер мен құжаттарды ұсынуы;
- 9.1.5. Сақтанушының залал келтірген адамнан тиісті өтемақы алуы;
- 9.1.6. Сақтандыру Шарты күшіне енүіне дейін немесе Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын/бірінші сақтандыру жарнасын төлеуіне дейін сақтандыру жағдай сипаттарына ие, оқиғаның орын алуы;
- 9.1.7. КҚ-н Сақтандырушының келісімінсіз такси/көлік бөлісу немесе иелену, пайдалану (прокатқа, жалға және т. б.) және/немесе көлік жүргізуі өкіту мақсатында немесе жаттығу жарыстарына, сынақтарға немесе тексеру жүргізулеріне, экстремальды айдауга байланысты іс-шараларға қатысу, сондай-ақ кез келген спорттық жарыстарға қатысу үшін берілуі;
- 9.1.8. иелену, пайдалану (прокат, жалға және т.б.) мақсатында берілген КҚ, Сақтанушыға қайтарылмауы; қамтылатын сақтандыру жағдайлардың өзге саны сақтандыру Шартында көзделмеген болса, сақтандыру мерзімі кезінде бірден көп сақтандыру жағдайда, басқа КҚ дөңгелектері астынан қыыршақ тастар, тастар және өзге қатты заттар шашырау салдарынан КҚ оптикасының зақымдануы;
- 9.1.10. егер сақтандыру Шартында қамтылатын сақтандыру жағдайларының өзге саны көзделмеген болса, сақтандыру кезеңінде жануарлардың/құстардың қағылуы немесе соқтығысуы нәтижесінде КҚ зақымдануы бірден артық сақтандыру жағдай болуы;
- 9.1.11. арнайы тасымалдау жағдайларын немесе радиоактивті материалдарды талап ететін жарылғыш және/немесе өзге де заттарды тасымалдау нәтижесінде.
- 9.2. **Сақтандырушы келесі жағдайда жауапты болып табылмайды:**
- 9.2.1. сақтандыру Шартының әрекет ету мерзімі өткеннен кейін туындаған залал;
- 9.2.2. сақтандыру Шартында "жер сілкінісі" қаупі көзделмеген жағдайда, жер сілкініс ретінде есептелеңтін, табиги себептерден (негізінен тектоникалық процестерден) немесе жасанды процестерден (жарылыстар, су қоймаларын толтыру, сондай-ақ олардың серпілістері, тау-кен қазбаларының жер асты қуыстарының құлауы) туындаған жер бетінің жер сілкінісі мен тербелісі салдарынан болған залалдар;
- 9.2.3. сақтандыру төлемі туралы шешімдер қабылдау үшін қажетті құжаттарды Сақтанушы ұсынбаған, шығындар немесе сақтандыру шартының талаптарында көзделген өзге де міндеттерді орындамаған жағдайда;
- 9.2.4. КҚ басқа көлік құралының (эвакуатордың) көмегімен тасымалдау жағдайларын қоспағанда, КҚ-н сүйрету салдарынан келтірілген залал;
- 9.2.5. моральдық зиян, жоғалған пайда, шығындар (айыппұлдар, тұраксыздық айыбы), тауар түрін жоғалту.
- 9.2.6. КҚ пайдалану нәтижесінде жекелеген тораптар мен бөлшектердің сыйнуы, істен шығуы салдарынан туындаған залал, оның ішінде КҚ тежегіш жүйесінің, қозгалтқыштың істен шығуы, тораптардың, агрегаттардың, элементтердің/бөлшектердің немесе КҚ-ға қосымша орнатылған өзге де заттардың өзара іс-қимылы, КҚ-ның техникалық ақаулығы салдарынан, оның ішінде бөгде нәрселердің, заттардың, жануарлардың, құстардың агрегаттардың ішкі қуыстарына тусуі салдарынан болған залалдарды қоса алғанда, жаңбыр және еріген су (су соққысы және т. б.);
- 9.2.7. оқшаулаудың, оның ішінде қысқа түйікталудың бұзылуы орамдағы түйікталу, корпуска түйікталу; байланыстың жеткіліксіздігі; газдың агуы, қозғалтқышты газ тәрізді отынмен (ГБО) коректендіруге арналған жабдықтың герметикаланбауы нәтижесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін өлшеу, реттеу аспаптары мен аспаптарының істен шығуы нәтижесінде келтірілген залал:;
- 9.2.8. Сақтандыруга қабылдау кезінде сақтандыру Шартында ("КҚ тексеру актісінде") зақымдануы белгіленген КҚ бөлшектерін қалпына келтіру немесе ауыстыру;
- 9.2.9. жүк автокөліктерін, женіл автокөліктерін жүк модификацияларын сақтандыру кезінде, тіркемелер

- мен жартылай тіркемелер сақтандыру өтемінен қалқа үшін жауапкершілік алынып тасталады;
- 9.2.10. КҚ пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы нормаларын бұзған кезде келтірілген залал;
- 9.2.11. КҚ және қосымша жабдықтар құнының төмендеуі мен табиғи тозу және пайдалану нәтижесінде болған залал;
- 9.2.12. тастандың, қырышық тастандың түсі салдарынан КҚ қозғалысы кезінде пайда болған лак-бояу жабынының сываттары мен сыйықтары қамтылмайды, сондай-ақ егер тұтастықтың көрінетін бұзылыстары болмаса, атап айтқанда жарықтар көлемі 1мм<sup>2</sup>-ден аз КҚ оптикасының зақымдануы қамтылмайды;
- 9.2.13. егер аталған пленкалар немесе жабындар КҚ-ның қосымша жабдығы ретінде сақтандыруға қабылданбаған, сондай-ақ сақтандыру Шартында ("КҚ-н тексеру актісінде") көрсетілмеген жағдайда, тас, қырышық тас және т. б. тиу салдарынан КҚ қозғалысы кезінде туындаған, зауыттық лак-бояу жабынының үстіне салынған корғаныш пленкалары мен КҚ шанасының өзге жабындарының / КҚ бөлшектерінің сываттары, сыйықтары мен ақаулары) қамтылмайды ;
- 9.2.14. сақтандыру Шартын жасау кезінде КҚ шанағында лак бояу жабыны зақымданған және ақаулықтар болған, және осы жайында сақтандыру Шартында ("КҚ тексеру актісінде") белгіленген болса, КҚ бөлшектерінің лак бояу жабынын өтеу жүзеге асырылмайды . Егер залал, туындаған сақтандыру жағдайы шеңберінде КҚ бөлшегіне келтірілген болса және бөлшекті ауыстыру талап етілсе, онда сақтандыру төлемі тек жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары немесе КҚ бөлшегін ауыстыру үшін жүзеге асырылады, бұл ретте лак-бояу жабыны үшін шығындар Сақтанушының есебінен жүзеге асырылады.
- 9.2.15. Сақтанушының (жүргізушінің) жеке заттарына және (немесе) жолаушылардың жолжүгіне, сақтандырылған КҚ-дағы Сақтандырылушиның және (немесе) жүргізушінің кәсіптік немесе коммерциялық қызметіне байланысты тауарларға және (немесе) заттарға залал;
- 9.2.16. келесі көрсетілген бөлшектердің, тораптардың және агрегаттардың тізбесін көрсете отырып, сақтандыру Шартына қосымша келісім жасаған жағдайда қоспағанда, сақтандыру жағдайы басталғанға дейінгі оның сапасымен немесе жағдайымен салыстырғанда, оның сапасын немесе жай-күйін жақсарту бөлігінде КҚ жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары, атап айтқанда "КҚ тексеру актісін" жасау кезінде КҚ-да орнатылған бөлшектерден, тораптардан, агрегаттардан басқа КҚ бөлшектерін, тораптарын, агрегаттарын орнату;
- 9.2.17. қандай да бір үйымның атынан немесе мұддесі үшін әрекет ететін және КҚ-ның бұзылуына немесе бүлінуіне әкеп соққан адам немесе адамдар тобы жасаған терроризм актілерінің нәтижесінде келтірілген залал;
- 9.2.18. Сақтандырылушиның (көлікті басқаруға рұқсат алған адамның) немесе жолаушылардың сақтандырылған КҚ-да отты абайсыз қолдану салдарынан келтірілген залал;
- 9.2.19. сақтандыру жағдайының сақтандыру аумағынан немесе сақтандыру корғаудың қолданылу кезеңінен тыс басталуы. Осы тармақ КР аумағындағы шет мемлекеттердің елшіліктері мен консулдықтарының аумағына қолданылмайды;
- 9.2.20. Сақтандырушы өтеу жүргізген, алайда Сақтандырушыға жөндеу қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгенін растайтын құжаттар тапсырылмаған кезде, КҚ-ның бүрын бұзылған бөлшегіне қатысты Сақтанушы қайтадан жүгінген жағдайды.
- 9.2.21. сақтандыру жағдайына тікелей байланысты емес КҚ бөлшектерінің, тораптары мен агрегаттарының сыйыну және/немесе істен шығуы немесе мұндай оқиға КҚ пайдалану, сервистік қызмет көрсете мерзімдерін сақтамау, КҚ тораптары мен агрегаттарындағы техникалық сұйықтықтар мен басқа да шығыс материалдарын уақтылы алмастырмау нәтижесінде пайда болған болса қамтылмайды.
- 9.2.22. Инфекциялық<sup>2</sup> және/немесе паразиттік аурудың (пандемия, эпидемия), соның ішінде кез келген ластануды, кез келген залалсыздандыруды, кез келген дезинфекцияны және/немесе кез келген әрекетті таратуға байланысты немесе тікелей немесе жанама түрде туындаған барлық шығындар, залал және соның салдарынан қызметтің үзіліуі және/немесе шартты түрде тоқтатылуы үәкілдті мемлекеттік органның жоғарыда айтылғандарға байланысты қол жеткізуді жабуга, шектеуге немесе болғызбауга қатысты.

<sup>2</sup> Инфекциалық ауру, кез келген инфекциялық ауруды, жұқпалы ауруды, контагиозды ауруды және/немесе кез келген инфекциялық, контагиозды немесе жұқпалы затты (соның ішінде (бірақ онымен шектелмей) вирусты, бактерияны, паразитті немесе ағзаны немесе кез келген осындағы заттардың кез келген мутациясын білдіреді, берілу әдісіне қарамастан (оның ішінде (бірақ онымен шектелмей) мүмкін тікелей немесе жанама аяа тамшыларының берілуі, дене сұйықтығының берілуі, кез-келген бетке немесе затқа, қатты денеге, сұйықтықка немесе газға берілуі) себеп болуы мүмкін немесе қауіп төндіруі мүмкін: адам денсаулығына зиян келтіру; адамның әл-ауқатына зиян келтіру; және/немесе зақымдану, бүліну, құнның жоғалуы, тауарлық немесе пайдаланудың жоғалуы материалдық немесе материалдық емес мүлік. Күмән болдырмая мақсатында жұқпалы ауруға 2019 жылғы коронавирустық ауру (COVID-19) және оның кез келген мутациясы немесе вариациясы жатады (бірақ онымен шектелмейді)

- 9.3. Келтірілген залалды басқа адамдар өтеген жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру Шарты бойынша төленуге жататын сома мен басқа тұлғалардан алынған немесе тағайындалған өтемақы сомасы арасындағы айырманы ғана төлейді. Мұндай өтемақылар туралы Сақтандырушы Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.
- 9.4. Сақтандырушы Сақтандышуға келесі жағдайларда сақтандыру төлемінен төлеуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы, егер қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-қимылдарды қоспағанда, сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін, Сақтандышиның, Сақтандырылуышы және/немесе Пайда алушының қасақана іс-әрекеттері салдарынан туындаған сақтандыру жағдайы;
- 9.4.1. Сақтандышиның, Сақтандырылуышының және/немесе Пайда алушының әрекеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған болса;
- 9.5. Егер сақтандыру жағдайы келесі салдардан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:
- 9.5.1. ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 9.5.2. соғыс қымылдары;
- 9.5.3. азаматтық соғыс, әр түрлі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.
- 9.6. Сақтандырушы мемлекеттік органдардың өкімі бойынша сақтандырылған КҚ-н алған қою, тәркілеу, реквизициялау, қамауга алу немесе жою салдарынан туындаған шығындар үшін сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.
- 9.7. **Сақтандышиның сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін келесі негіз болып табылады:**
- 9.7.1. Сақтандышиның Сақтандырушыға сақтандыру объектісі туралы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлауы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары;
- 9.7.2. Сақтандышиның Сақтандыру жағдайынан шығынды азайту жөнінде шараларды қасақана қабылдамауы;
- 9.7.3. Сақтандышиның залал келтіргені үшін кінәлі адамнан залалдың тиісті өтемін алуды;
- 9.7.4. Сақтандышиның сақтандыру жағдайы орын алу жай-күйді зерттеу және ол келтірген залалдың көлемін тоқтату шараларын жүргізуге Сақтандырушыға кедергі болуы;
- 9.7.5. сақтандыру Шартта белгіленген сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны хабардар етпеу, сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы хабарламаның құжаттамалық растамасының болмауы;
- 9.7.6. Сақтандышиның сақтандыру жағдайдың басталуына жауапты адамнан өзінің талап ету құқығынан бас тартуы сондай-ақ талап ету құқығының Сақтандырушыға көшу үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тарту. Егер сақтандыру өтемі төленген болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы.

## 10. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 10.1. Сақтандыру шарты мүліктік құқығы тиісті құжаттармен расталатын, занды немесе жеке тұлғамен жасалады.
- 10.2. Сақтандыру шарты жазбаша түрде:
- Тараптардың өзара шарт құрастыруы;
  - Сақтандышиның сақтандыру Ережелеріне қосылуы және Сақтандырушының Сақтандышиның сақтандыру Шартын беруі, қажет болған жағдайда Сақтандырылуышыға сақтандыру сертификатын беру жолымен жасалады.
- 10.3. Сақтандыру шарты электрондық түрде:
- сақтандыру Ережелеріне біржақты тәртіппен қосылу және Сақтандырушының интернет - ресурсында электрондық сақтандыру Шартын ресімдеу;
  - сақтандыру Ережелеріне біржақты тәртіппен қосылу және Сақтандырушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде Шартты ресімдеу арқылы жасалады;
- 10.4. Сақтандыру Шартын жасасу үшін Сақтандышиның Сақтандырушыға жазбаша түрде өтінішпен жүгінеді немесе Сақтандырушының интернет-ресурсында Сақтандыруға өтініш-саулнаманың тиісті электрондық нысанын толтырады, сақтандыру Шартын жасасу және сақтандыру тәуекелін бағалау үшін қажетті деректерді хабарлайды (толтырады) :
- 10.4.1. Жеке тұлғаның Сақтандышиның үшін:
- Сақтандышиның Тегі, Аты, Әкесінің Аты, туған күні, түрғылықты жері;
- паспорттың/жеке күеліктің №, құжаттың күні және кіммен берілгені, ЖСН, экономика секторының коды және резиденттік белгісі;

- 10.4.2. Заңды тұлғаның Сақтанушысы үшін: БСН, орналасқан жерінің мекенжайы.
- 10.4.3. Сақтандырылған жеке тұлғалар/КҚ басқаруға рұқсат алған тұлғалар үшін - тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, тұған күні, тұрғылықты жері, паспорттың немесе жеке қуәліктің №, құжаттың күні және кіммен берілгені, ЖСН, экономика секторының коды және резиденттік белгісі, жүргізуі қуәлігінің №, қуәліктің күні және кіммен берілгені;
- 10.4.4. Көлік құралы үшін – КҚ-ды мемлекеттік тіркеу туралы қуәлік және КҚ-ның заттық құқықтарын растайтын өзге де құжаттар, техникалық паспорт-арнайы және ауыл шаруашылығы техникасы үшін нұсқалары және КҚ-ның заттық құқықтарын растайтын өзге де құжаттар.
- 10.5. КҚ-н сырттай қарап тексеру және тексеру актісін жасау шараларын келесі тұлғалар жүзеге асыра алады:
- 10.5.1. Сақтандырушының уәкілетті өкілі;
- 10.5.2. Сақтанушы/Сақтандырылуши-Сақтандырушыда техникалық мүмкіндігі және тексеру жүргізуге арналған тиісті бағдарламалық жасақтама болған кезде.
- 10.6. Сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда, егер ол қатаң есептілік бланкісінде басып шығарылған болса (бұдан әрі ҚЕБ), Сақтанушының оны дайындауға жұмсаған шығындары мөлшерінде шығыстарды төлей отырып, телнұсқасы ресімделеді. Телнұсқа ҚЕБ-да, осы сақтандыру Шартының телнұсқасы екені көрсетіле отырып немесе қосымша төлемсіз цифрлық бланкіде ресімделеді.
- 10.7. Сақтандыру Шартында Сақтандырушының қолы факсимильді түрде механикалық немесе өзге де көшіру қуралдарының, электрондық қолтаңба қомегімен орындалуы мүмкін.
- 10.8. Сақтандыру Шартын Сақтандырушының интернет-ресурста электрондық нысанда ресімдеу кезінде сақтандыру сыйлықақысын төлеу сәтіне дейін Сақтанушы сақтандыру шарттарымен және осы сақтандыру Ережелерінің қағидаларымен танысады және төлемді Сақтандырушы ұсынған шарттарда сақтандыру Шартын жасасуға өзінің көлісімін растай отырып, банк карточкасы арқылы жүргізеді. Эмитент-банк төлемді растиғанин кейін:
- сақтандыру сыйлықақысы төленген күннен кейінгі күні;
  - егер тексеру жасалатын сақтандыру Шартының талаптарына сәйкес қажет болған жағдайда, тексеру актісіне қол қойылған күннен бастап, сақтандыру Шарты жасалған және БСДҚ-ға берілген болып есептеледі және күшіне енеді
- 10.9. Сақтанушының осы сақтандыру Ережесінің және сақтандыру Шарттың талаптарымен танысу фактісі сақтандыру қызметтерін алушының (сақтанушының, сақтандырылушиның, пайда алушының) электрондық нысанда сақтандыру қызметтерін алу үшін қажетті дербес деректерді жинауга және өндеуге көлісімін алады қоса алғанда, Сақтанушы Сақтандырушының интернет-ресурсында электрондық түрде қоятын арнайы белгілермен (растайлармен) расталуы мүмкін.
- 10.10. Сақтандыру Шартын электрондық нысанда, электрондық пошта мекенжайына ресімдеу кезінде Сақтанушыға электрондық құжат (сақтандыру сертификаты, түбіртек, қуәлік) түріндегі хабарлама жіберіледі, бұл ретте сақтандыру Шартының жазбаша нысаны қажет болған жағдайда Сақтанушы Сақтандырушының жақын жердегі кенсесінен ала алады. Сондай-ақ, Сақтанушының сақтандыру Шарты бойынша ақпаратты Сақтандырушының интернет - ресурсында мына мекенжай бойынша тексеру мүмкіндігі бар: [www.nsk.kz](http://www.nsk.kz) "саясатты тексеру" бөлімінде немесе "жеке кабинетте".
- 10.11. Тараптардың көлісімі бойынша Тараптардың бірі екінші Тарапқа сақтандыру шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бүрін хабарлаған және сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда сақтандыру Шарты келесі мерзімге ұзартылуы мүмкін.
- 10.12. Сақтандыру Шартын жасасу және ұзарту, сақтандыру шарттарын өзгерту кезінде Сақтанушы КҚ-н тексеру үшін алып келуге міндетті. Сақтандыру шартын жасасу кезінде зақымдануы бар КҚ бөлшектері (тораптар, агрегаттар) үшін Сақтандырушы жауапты болмайды.
- 10.13. Тексеру актісін Сақтандырушы Сақтанушының қатысуымен жасайды және Сақтандырушы белгілеген нысанда рәсімдейді.

## 11. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 11.1. Егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмеген болса, сақтандыру Шарты 12 (он екі) айға Сақтандырушыға өтеді.
- 11.2. Егер сақтандыру Шартында өзгесі көзделмеген болса, Сақтандыру шарты сақтандыру сыйлықақы/бірінші сақтандыру жарнасы және КҚ тексеру төленген күннен кейінгі күннен бастап күшіне енеді. Бұл ретте сақтандыру сыйлықақысын төлеу күні банк шотына немесе Сақтандырушының кассасына қаражат түскен күн болып есептеледі.
- 11.3. "ЗАЛАЛ" жағдайында, Сақтандыру бойынша сақтандыру сомасының толық мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін, егер сақтандыру Шарты "сақтандыру сомасы таусылғанға дейін" негіздерімен жасалған болса, сақтандыру шартының қолданылуы

тоқтатылады.

- 11.4. Егер сақтандыру Шарты "бірінші сақтандыру жағдайына дейін" ережесімен жасалған болса, онда мұндай сақтандыру Шартының әрекет ету күші бірінші сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап тоқтатылады.

## 12. ТӘУЕКЕЛ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ӨЗГЕРУІ

- 12.1. Сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы/Сақтандырылуши егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру Шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауга міндетті.
- 12.2. Келесі өзгерістер Елеулі деп танылады:
- 12.2.1. шанақты, шасси немесе қозғалтқышты ауыстыру, қосымша жабдық орнату;
- 12.2.2. КҚ-ға меншік құқығының (иелену, пайдалану немесе игеру) басқа тұлғага ауысуы;
- 12.2.3. КҚ-н мұліктік жалдауға/жалға алуға, лизингке, прокатқа, кепілге және өзге де ауыртпалыққа беру;
- 12.2.4. өтініште көрсетілген КҚ пайдалану мақсаттарын өзгерту;
- 12.2.5. Көлік құралын қайта жабдықтау;
- 12.2.6. сақтандыру жағдайының басталуына қарамастан КҚ-ның елеулі зақымдануы немесе жойылуы;
- 12.2.7. қосарланған сақтандырудын болуы;
- 12.2.8. сақтандыру Шартын жасасу кезінде Сақтанушының өтінішінде көрсетілген ақпаратты өзгерту;
- 12.2.9. сақтандыру Шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған мән-жайлардағы елеулі өзгеріс. Жағдайлардың өзгеруі, егер Тараптар мұны негізді түрде болжаган болса Сақтандыру шартын мүлде жасамаушы еді немесе айтарлықтай басқа шарттарда жасаушы еді деген негізде, соншалықты өзгерген жағдайда елеулі деп танылады;
- 12.2.10. КҚ басқаруға рұқсат алған тұлға ретінде сақтандыру шартында көрсетілмеген тұлғага КҚ-ға айдау (басқару) құқықтарын беру (егер сақтандыру шартында басқаруға жіберілген тұлғалардың шектеулі тізбесі көзделсе);
- 12.2.11. КҚ-н үәкілетті органдардан есептен шығару.
- 12.3. Тәуекел дәрежесінің жоғарылауы болған болмағанына қарамастан, Сақтандырушы сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі ішінде КҚ-ның жай-күйін, сондай-ақ Сақтанушы хабарлаған мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқылы.
- 12.4. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын мән-жайлар туралы хабардар етілген Сақтандырушы, сақтандыру Шартының талаптарын өзгертуді немесе тәуекелдің ұлғаюына сәйкес қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шартына қосымша келісімнің жобасын және қажет болған жағдайда Сақтанушы төлеуге міндетті қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге арналған шотты жібереді.
- 12.5. Егер Сақтанушы немесе Сақтандырылуши Шарт талаптарының өзгеруіне қарсылық білдірсе Сақтандырушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сақтандыру Шартын бұзуды талап етуге құқылы.
- 12.6. Сақтанушы немесе сақтандырылуши 12.1-тармақта көзделген міндеттеме Ережелерін орындаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру Шартын бұзуды және сақтандыру Шартын бұзудан туындаған залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.
- 12.7. Егер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына алып келетін мән-жайлар жойылған болса, Сақтандырушының сақтандыру Шартын бұзуды талап етуге құқығы жок.
- 12.8. Сақтандыру тәуекелі дәрежесі жоғарылаған жағдайда Сақтандырушының келесі құқықтары бар:**
- 12.8.1. тәуекел дәрежесіне сәйкес келетін қолданыстағы сақтандыру шартының талаптарына өзгерістер енгізуінде талап етуге және егер Сақтанушы сақтандыру Шартының талаптарын өзгертуге немесе сақтандыру сыйлықақысын қосымша төлеуге қарсылық білдірсе, сақтандыру шартының қолданылуын тоқтатуға;
- 12.8.2. сақтандыру Шартының қолданылуын біржақты тәртіппен тоқтатуды талап етуге. Осы тармақта көрсетілген жағдайларда Сақтандырушы Ережелердің 17.7-тармақта көзделген талаптарды сақтай отырып, сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзады.

## 13. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРИ

### 13.1. Сақтандырушының құқықтары:

- 13.1.1. Сақтанушы берген ақпаратты, сондай-ақ сақтандыру Шартының талаптарының орындалуын тексеру;
- 13.1.2. Сақтанушыдан сақтандыру жағдайының басталу фактісін куәландыратын, сондай-ақ залалдың

- мөлшерін растайтын құжаттарды талап ету;
- 13.1.3. қажет болған жағдайда сақтандыру жағдайының басталу фактісін, себептерін, мән-жайларын және қелтірілген залалдың мөлшерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпаратты ұсыну туралы құзыретті органдарға сұраулар жіберуге міндettі. Егер құзыретті органдарда Сақтандырушуға сақтандыру төлемінен бас тартуға негіз беретін материалдар болса, онда Сақтандырушу құзыретті органдардан ресми жауаптар немесе растайтын мәліметтер алғанға дейін төлемді кейінге қалдыру;
- 13.1.4. зақымдалған КҚ мен қосымша жабдықты қарап-тексеруді немесе зерттеп-қарауды жүргізу, сондай-ақ залалдың себептері мен мөлшерін анықтау бойынша өзге де іс-қимылдарды жүзеге асыру;
- 13.1.5. бұлғын және ауыстыруға жататын түпнұсқа бөлшектердің құнын анықтау түрғысынан нарық мониторингін жүргізу және Сақтанушыға балама шешім ұсыну;
- 13.1.6. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілдегі органдардың деректері мен құжаттары негізінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту немесе оның мөлшерін азайту, сақтандыру шартына және төлемді кейінге қалдыру;
- 13.1.7. тексеру үшін қалпына келтірілген КҚ-н көрсетуді талап ету. Сақтанушы осы талапты орындаудан бас тартқан жағдайда сақтандырушу КҚ тораптары мен бөлшектерінің осындай кейінгі зақымдануы үшін жауапты болмайды;
- 13.1.8. Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде, егер сақтандыру жағдайы мерзімі өтіп кеткен сақтандыру жарнасы (жарналары) төленбестен бұрын туындаған болса, осы жарна(лар) сомасы шегеріледі.
- 13.1.9. сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде кезекті сақтандыру жарнасы сомасынан сақтандыру төлем сомасы асып түскен жағдайда бір немесе бірнеше кезекті сақтандыру жарналарының сомасын шегеру арқылы пайда алушыға сақтандыру төлемін жүргізу;
- 13.1.10. Егер көліктің 1(бір) бірлігі бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері көліктің 1(бір) бірлігі бойынша сақтандыру сомасының 20% және одан көп пайызын құраса, сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде сақтандыру жарнасының (сыйлықақысының) барлық сомасы есепке алады;
- 13.1.11. мерзімі өткен сақтандыру жарнасы(лары) кезінде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау барысында сақтандыру төлемін, төленген сақтандыру жарнасына (сақтандыру сыйлықақысына) барабар жүргізеді;
- 13.1.12. кезекті сақтандыру жарнасын (жарналарын) белгіленген мерзімде төлемеген кезде сақтандыру шартын біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзы/тоқтату, бұл ретте төленген сақтандыру сыйлықақысы қайтарылуға жатпайды;
- 13.1.13. ЖКО тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға болған кезде КҚ жүргізген адам уәкілдегі медициналық ұйымға медициналық қуәландыруға жіберіледі;
- 13.1.14. қажет болған жағдайда КҚ-н оқиға орынан сақтандыру шартында белгіленген шектеме шеңберінде елді мекен шегінде Сақтанушы/Сақтандырушу айқындаған мекенжайға дейін тасымалдау үшін эвакуаторды ұсыну;
- 13.1.15. сақтандыру Шартының талаптарына сәйкес сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзы;
- 13.1.16. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде сақтандыру сыйлықақыларын төлеу шарттарын бұзған жағдайды, сақтандыру сыйлықақысын төлеуді, сондай-ақ сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүргізілген сақтандыру төлемін қайтаруды талап ету.
- 13.1.17. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу немесе сақтандыру төлемін қайтару жөніндегі міндептемені орындаған жағдайда, мерзімі өткен әрбір күн үшін берешектің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұл тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету.
- 13.1.18. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және осы Ережелердің 15-тaraуында баяндалған залал мөлшерін растайтын құжаттар Сақтандырушуға ұсынылаған жағдайда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген кезден бастап 90 күнтізбелік күн өткен соң

сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартады.

- 13.1.19. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

### **13.2. Сақтанушының құқықтары:**

- 13.2.1. Сақтандырушидан сақтандыру Шарты мен Ережелерінің талаптарын түсіндіруді талап ету;
- 13.2.2. Сақтандырушиның маманы және/немесе сақтандырушымен келісілген тәуелсіз бағалаушы және/немесе сюрвейер және/немесе лосс - аджастер, бүлінген КҚ-н қарап-тексеруден кейін 3 (үш) жұмыс күні өткеннен соң, сондай-ақ егер шот келісілгеннен кейін ТҚҚО - да накты жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша сақтандыру төлемінің нұсқасында көзделген болса, зақымдалған КҚ-н қалпына келтіру өз есебінен жүргізеді. Бұл жағдайда сақтандыру төлемі Сақтанушыға жүзеге асырылады. Төлемді алу үшін Сақтанушы бүлінген КҚ-н қалпына келтіруге жұмсаған шығындарын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 13.2.3. сақтандыру Шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін алу;
- 13.2.4. Сақтандырушымен келісім бойынша сақтандыру Шартының талаптарын өзгерту;
- 13.2.5. сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 13.2.6. сақтандыру Шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын жазбаша өтініштер негізінде алу;
- 13.2.7. сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі ішінде тек 1 (бір) рет сақтандырушиға жүгіну және КҚ оптикасына, алдыңғы және артқы шыныға, сыртқы жарық аспаптарына (бұрылу көрсеткіштерінің бүйірлік қайталағышын қоса алғанда), артқы көріністің сыртқы айналарына (корпусты қоса алғанда); КҚ шанағының сыртқы алынбалы сәндік бөлшектеріне келтірілген залалдың орнын толтыру; әйнек тазалагыштарға; қалыптарға; бампер штепселдеріне; донғалақ дискілеріне (донғалақ дискілерінің зақымдануы немесе толық жойылуы сақтандыру шартымен реттеледі); басқа КҚ бөлшектері мен элементтеріне зақым келмеген жағдайда өтеп алу келесі жағдайда жүргізіледі:
- 13.2.7.1. 13.2.7-тармақта көрсетілген КҚ элементтері бүлінсе. Сақтандыруши "тиісті үәкілетті органдардың өкілдері жасаған құжаттарынысыз" опциясы бойынша сақтандыру Шартында көрсетілген шектеме мөлшеріне қарамастан, құзыретті органдардан құжаттарды ұсынбай сақтандыру өтемін төлейді.
- 13.2.7.2. 13.2.7-тармақта көрсетілген КҚ-ның бір элементінен артық емес ұрлау кезінде. Сақтандыруши "тиісті үәкілетті органдардың өкілдері жасаған құжаттарсыз" опциясы бойынша сақтандыру Шартында көрсетілген шектеме мөлшеріне қарамастан, құзыретті органдардан құжаттарды ұсынбай сақтандыру өтемін төлейді.
- 13.2.8. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтандырушиның келісімімен сақтандырушиға өзінің КҚ (абандон) құқығын беруге және белгіленген шегерімді шегергендегі сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін алуға құқылы;
- 13.2.9. "тиісті үәкілетті органдардың өкілдері жасаған құжаттарынысыз" опциясы бойынша сақтандыру Шартында көрсетілген шектеме мөлшерінде сақтандыру төлемін алу, егер төлем сомасы сақтандыру Шартында көрсетілген шектемеден асып кеткен жағдайда, Сақтандырушиға 16.18-тармағына сәйкес "үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерді" қоспағанда, төлемді толық көлемде алу үшін сақтандыру шартында көрсетілген құжаттарды ұсыну.
- 13.2.10. 13.2.10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы.

### **13.3. Сақтандыруши міндеттері:**

- 13.3.1. сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру Шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізеді;
- 13.3.2. Ережелерді өз интернет-ресурсына орналастырады;
- 13.3.3. сақтанушыны Ережелер (оның талабы бойынша Ережелердің көшірмесін ұсыну/жіберу) және сақтандыру Шартының талаптарымен таныстыру (бұдан басқа, Сақтанушы Сақтандырушиның интернет-ресурсында сақтандыру Ережелерімен өз бетінше таныса алады);
- 13.3.4. сақтандыру құпиясын және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны сақтауды қамтамасыз етеді;
- 13.3.5. Сақтанушы/пайда алушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы сақтандырушиның шешім

қабылдауы үшін қажетті құжаттар топтамасын ұсынбаған жағдайда, соңғы құжат қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтанушыны/Пайда алушыны жетіспейтін құжаттар туралы жазбаша хабардар етеді;

- 13.3.6. сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе Сақтанушыға сақтандыру Шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартудың жазбаша дәлелін жібереді;
- 13.3.7. Сақтанушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтейді;
- 13.3.8. Сақтанушыны электрондық құжат (сақтандыру сертификаты, түбіртек, куәлік) түрінде хабардар етеді немесе Сақтанушы сақтандырушының интернет-ресурсында электрондық нысанда сақтандыру шартын жасасқан жағдайда СМС-хабарлама жібереді;
- 13.3.9. электрондық терминал иесін қоса алғанда, электрондық терминал арқылы сақтандырушының интернет-ресурсына берілетін мәліметтерге үшінші тұлғалардың қол жеткізуі мүмкін және дербес деректер мен сақтандыру құпияларының қорғалуын және сақталуын қамтамасыз ету;
- 13.3.10. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайдың басталуы туралы өтініш берілген сәттен бастап 60 күнтізбелік күн өткеннен кейін орын алған жағдайдағы, электронды поштаға немесе (өтініште көрсетілген мекенжайға қолма қол) әдіспен тиісті түрде хабарлайды.
- 13.3.11. сақтандыру Шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

#### **13.4. Сақтанушы міндеттері:**

- 13.4.1. Сақтандырушының интернет-ресурсында орналастырылған сақтандыру Ережелерімен танысу;
- 13.4.2. сақтандыру сыйлықақысын / сақтандыру жарналарын уақтылы төлеу;
- 13.4.3. сақтандыру Шартын жасасу немесе Сақтандырушының интернет-ресурсындағы нысанды толтыру кезінде Сақтандыруға сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызы бар өзіне белгілі барлық мәнжайлар туралы, сондай-ақ осы сақтандыру объектісіне қатысты қолданыстағы немесе жасалатын барлық сақтандыру шарттары туралы хабарлау;
- 13.4.4. Сақтандырушыға осындай құқық берілген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде КҚ жүргізу құқығын үшінші тұлғаға бергені туралы хабарлау;
- 13.4.5. Сақтандырушыға бүлінген КҚ -н жөндеуге дейін немесе соңғысына заттық құқығынан бас тартқанға дейін ұсыну;
- 13.4.6. егер сақтандыру Шартында сақтандыру төлемінің нұсқасы "Сақтанушының таңдауы бойынша ТҚҚО-на нақты жөндеу бойынша" опциясы болып табылса, КҚ жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының орны және закымдануды тексеру уақыты туралы Сақтандырушыға хабарлау;
- 13.4.7. Егер сақтандыру шартында сақтандыру төлемінің нұсқасы "Сақтандыру компаниясының таңдауы бойынша ТҚҚО" болып табылса, белгілі бір ТҚҚО-да Сақтандырушының жолдамасы бойынша КҚ жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру;
- 13.4.8. КҚ айдал әкетілген, ұрланған, немесе жойылған жағдайда КҚ-ға қатысы бар барлық құжаттардың түпнұсқаларын және КҚ кілттерінің түпнұсқаларын Сақтандырушыға беру;
- 13.4.9. Егер Сақтанушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін ұрланған КҚ қайтарылса немесе залалды оның келтірушісі өтесе, осы КҚ жөндеу қалпына келтіру жұмыстарына жұмсалған шығыстарды шегергенде алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға қайтару;
- 13.4.10.Егер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген талап қоюдың ескіру мерзімдері ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және сақтандыру Шарты бойынша Сақтанушыны немесе Пайда алушыны сақтандыру төлемін алу құқығынан толық немесе ішінара айыратын мән-жай анықталса, алынған сақтандыру төлемін Сақтандырушыға толық көлемде немесе ішінара бір ай ішінде қайтару;
- 13.4.11.Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ келтірілген залалды дәлелдеу ауыртпалығын көтеру;
- 13.4.12.Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға болған кезде КҚ-н аталған оқиға басталғаннан кейін жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына шот келісілген сәтке дейін қалған күйінде сақтау;
- 13.4.13.Сақтандырушының жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын орындау фактісін растайтын құжаттарды алын қамтамасыз ету: орындалған жұмыстар актісі, фактура шоттары;

- 13.4.14. Сақтандыру сомасы таусылмаған жағдайда, КҚ толық қалпына келтірілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға қайта қарау және Сақтандырушы апаттық комиссарының фото тіркеуі үшін қалпына келтірілген КҚ ұсыну, болмаған жағдайда сақтандырушы КҚ тораптары мен бөлшектерінің кейінгі ұқсас зақымдануы үшін жауапты болмайды;
- 13.4.15. Сақтандырушының сұрауы бойынша Ереженің 15.1-тармағына сәйкес жетіспейтін құжаттарды ұсынуға "кепілдік міндеттемені" тапсыру;
- 13.4.16. Егер бұл өзгерістер сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандыру Шартын жасасу кезеңде сақтандырушыға хабарланған мән-жайларда өзіне белгілі болған елеулі өзгерістер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлау.
- 13.4.17. Сақтандыру Шартында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасау.

## **14. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙ БЕЛГІЛЕРІ БАР ОҚИҒА БОЛҒАН КЕЗДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ IC-ӘРЕКЕТТЕРИ**

- 14.1. Сақтандыру жағдай белгілері бар оқиға орын алған жағдайдағы, Сақтанушы/Пайда алушы міндеттері:
- 14.1.1. КҚ-н құтқару, залал қаупін азайту және қосымша залалдың пайда болуына ықпал ететін себептерді жою бойынша барлық мүмкін және орынды шараларды қабылдау;
- 14.1.2. Апаттық комиссарды оқиға орнына дереу шақыру. Осы тармақта көзделген міндет орындалмаған жағдайда, Сақтанушы осы міндеттің орындалуына кедергі келтіретін мән-жайлардың бар-жоғы жөнінде құжаттамалық растауды ұсынуға міндетті. Сақтанушының/Сақтандырылушының психикалық белсенді затты қолдану және/немесе мас күйінде болу күдік туындаған жағдайда апаттық комиссардың тиісті медициналық мекемеде медициналық куәландырудан өтуді талап етуге құқығы бар. Сақтанушы/Сақтандырылушы апаттық комиссардың талабы бойынша медициналық куәландырудан өтуге міндетті. Сақтанушы/Сақтандырылушы медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда, апаттық комиссар әкімшілік полиция өкілдерін шақыруға құқылы. Апаттық комиссар Сақтанушыны/ Сақтандырылушыны Медициналық куәландыруға жіберген және оның өткендігі туралы қорытынды ұсынбаған жағдайда, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқығы бар. КҚ-н жүргізген адамның мас емес күйде болғандығын растайтын медициналық куәландыруға арналған шығыстарды Сақтандырушы өз есебінен көтереді. Апаттық комиссар шақырылмаған жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы. Апаттық комиссардың шақырылуы апаттық комиссардың хаттамасымен не мобиЛЬДІ оператор сервис-орталығынан қоңырауларды нақтылаумен (басып шыгарумен) расталуы мүмкін.
- 14.1.3. Оқиға орнында сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішті, апаттық комиссардың оқиғаның мән-жайларын сипаттау бөлігіндегі хаттамасын толтыру. Оқиға орнында осы тармақта көзделген құжаттарды толтыру мүмкіндігі болмаған жағдайда, оқиға мән-жайларын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтінішті Сақтандырушыға оқиға болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсыну талап етіледі. Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш сақтандыру Шартындағы мерзімде ұсынылмаған жағдайда, дәлелді себепті жағдайлардың бар екендігін растайтын құжаттарды ұсыну.
- 14.1.4. Сақтандыру шартында "тиісті уәкілетті органдардың өкілдері жасаган құжаттарынысы" опциясының болуын қоспағанда, сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы тиісті уәкілетті органдарға дереу хабарлаудың кез келген қолжетімді тәсілімен хабарлау. Осы тармақта көзделген міндет орындалмаған жағдайда, Сақтанушы осы міндеттің орындалуына кедергі келтіретін мән-жайлардың бар-жоғы жөнінде құжаттамалық растауды ұсынуға міндетті.
- 14.1.5. "ЗАЛАЛ" сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру оқиғасы басталған кезде КҚ-н Сақтандырушы маманының және/немесе Сақтандырушымен келісілген бағалаушының және/немесе сюрвейердің, лосс-аджастердың қарауы үшін ұсынады;;
- 14.1.6. 3.2-тармақта көзделген шығыстар туындаған жағдайда. Сақтандыру жағдайының салдары болып

- табылатын осы шығыстарды сақтандырушымен келісу;
- 14.1.7. Сақтандырушыға Сақтандырушының өтеуге жататын шығыстарының туындауына экеп соққан барлық мән-жайларды хабарлауға және сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық қолда бар құжаттар мен материалдарды ұсынуға міндetti.
- 14.2. Пайда алушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтанушы оны орындаған не орындағанына қарамастан, барлық жағдайларда хабарлауға құқылы. Егер Сақтанушы өзі Пайда алушы болып табылмаса, ықтимал шығындарды, оның ішінде сақтандырылған КҚ-н құтқару және сақтау шараларын болдырмау немесе азайту үшін қалыптасқан жағдайларда мүмкін және орынды шараларды қабылдау міндettter де Пайда алушыға жүктеледі.
- 14.3. Егер сақтандыру Шартында сақтандыру төлем нұсқасы "Сақтанушының таңдауы бойынша ТҚҚО- нақты жөндеу" опциясы болса, КҚ жөндеу орны туралы Сақтандырушыға хабарлау.
- 14.4. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде сақтандыру қорғалған жағдайда, сақтандыру жағдай оның аумағынан тыс жерде орын алса, орнының фотосуретін және/немесе бейнесін түсіру, сондай-ақ кадрда түсірілген уақыты мен күнінің болуы міндetti.

## 15. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ЗАЛАЛ МӨЛШЕРІН БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- 15.1. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиганың басталуын, келтірілген залал мөлшерін дәлелдеу үшін Сақтанушы/Пайда алушы сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесі құжаттарды ұсынады:
- 15.1.1. Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы атынан сақтандыру төлемді жүргізу туралы жазбаша етініш;
- 15.1.2. Пайда алушының жеке куәлігінің/паспортының көшірмесі (жеке тұлғалар үшін), сақтандыру жағдайы басталған кезде КҚ жүргізген тұлғаның жүргізуі куәлігінің көшірмесі;
- 15.1.3. КҚ тіркеу туралы куәлік, көлік жүргізу үшін берілген сенімхат / жол парагы немесе меншік иесінің атынан КҚ иелену, пайдалану және/немесе иелік ету құқығын растайтын өзге құжат;
- 15.1.4. кепіл шартының көшірмесі, қарыз шартының көшірмесі, кепіл КҚ-н бағалау туралы есеп және / немесе сақтандырылған КҚ тексеру актісі, сақтандыру жағдайы басталған күнгі негізгі борыштың қалдығы туралы анықтаманың түпнұсқасы, (егер сақтандыру шарты кепіл шарты бойынша кепіл нысанасы болып табылатын КҚ -ға қатысты жасалған жағдайда);
- 15.1.5. лизинг шартының және оған барлық қосымшаларының көшірмесі (егер сақтандыру шарты лизинг шарты бойынша лизинг нысанасы болып табылатын КҚ-ға қатысты жасалған жағдайда);
- 15.1.6. сақтандыру жағдайының басталуын және келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеу жөніндегі істерді жүргізу құқығына және сақтандыру төлемін алу құқығына сенімхат (пайда алушының мүдделері сақтанушы үшін ұсынылған жағдайда);
- 15.1.7. Ережелердің 14.1-тармақ 14.1.2-тармақшасына сәйкес апаттық комиссар Сақтандырушыны медициналық куәландырудан өтүге жіберген фактісін растайтын қорытынды, медициналық куәландырудан өтүге арналған шығыстардың төленгенін растайтын құжат;
- 15.1.8. Сақтанушының есебінен бүлінген КҚ-н қалпына келтіру кезінде: төлем шоты, фактура шоты, орындалған жұмыстар актісі, оның ішінде техникалық қызмет көрсету станциясының уәкілетті өкілі және ауыстырылатын бөлшектерді жеткізуі жүзеге асыратын компания ресімдеген қосалқы бөлшектерді сатып алуға арналған жүккүжат, төлем тапсырмасы немесе ауыстырылатын бөлшектерді сатып алу және Сақтанушының КҚ жөндеу қалпына келтіру жұмыстары бойынша қызметтерге ақы төленгенін растайтын өзге құжат;
- 15.1.9. сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиганың басталуын дәлелдеу үшін:

### 15.1.9.1. ЖКО сақтандыру шартында белгіленген шектемелерден жоғары болған жағдайда:

уәкілетті орган куәландырған мынадай құжаттардың көшірмелері: ЖКО туралы хаттамалар, ЖКО хаттамасына толықтырулар, схемалар; ЖКО қатысуышыларын медициналық куәландыру анықтамалары (қажет болған жағдайда, 14.1.2-тармақтың шарттарын сақтай отырып. Осы Қағидалардың 14-тараулары), ЖКО қатысуышыларын әкімшілік полиция комитетіне түсіндірмесі. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқигаларды тергеп-тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын әкімшілік полиция өкілдері және құқық қорғау органдары (тергеу, сот және т.б.)

жасаған, сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар.

**15.1.10. табиғи апарттар кезінде:**

аумақтық гидро метеоқызымет бөлімшелері, мемлекеттік комиссиялар, сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын құзыретті органдар жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын актілер, қорытындылар, өзге де құжаттар;

**15.1.10.1. өзге күтпеген оқиғалар кезінде:**

өртке қарсы және құқық қорғау органдары актілерінің, өрт-техникалық сараптама қорытындысының, жол-көлік оқиғасы туралы хаттаманың және оған қосымшаның көшірмелері; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын оқиғаларды тексеруді, жіктеуді және есепке алуды жүзеге асыратын арнайы үәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған не сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын өзге де құжаттар;

**15.1.10.2. "АЙДАП КЕТУ немесе ҮРЛАУ" сақтандыру жағдайы басталған кезде:**

оқиға орнын қараша хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы қаулының көшірмесі (не қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы), оқиға бойынша іс жүргізуі тоқтата түру туралы қаулының көшірмесі; айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасаған адамды анықтаған кезде); тергеп-тексеруді жүзеге асыратын арнайы үәкілетті органдар (комиссиялар) жасаған өзге де құжаттар, сақтандыру жағдайлары ретінде қаралатын немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын оқиғаларды жіктеу және есепке алу; КҚ-н мемлекеттік тіркеу туралы күзілкітің түпнұсқасы, айдал әкетілген/ үрланған КҚ-ның түпнұсқа кілттерінің толық жиынтығы; басқару пульттерінің, кілттердің, карточкалардың, үрліккә қарсы барлық электрондық және электрондық-механикалық жүйелердің белсенді және пассивті активаторларының, механикалық жүйелердің барлық кілттерінің толық жиынтығы КҚ жабдықталған үрліккә қарсы құрылғылар, Сақтанушының пайдасына мүлік ретінде КҚ-дан бас тарту туралы жазбаша өтініші ("абандон");

**15.1.11. келтірілген залалдың мөлшерін дәлелдеу үшін:**

15.1.11.1. бағалау туралы есеп және келтірілген залалдың мөлшерін растайтын өзге де құжаттар, сақтандырушымен келісілген мамандардың "АЙДАП ӘКЕТУ немесе ҮРЛАУ" сақтандыру жағдайы басталған кездегі КҚ-ның нарықтық құны туралы қорытындылары;

15.1.11.2. Сақтандырушының келтірілген залал үшін жауапты тұлғага талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті құжаттар;

15.1.11.3. Сақтанушы КҚ-ға меншік құқығынан бас тартқан жағдайда, Сақтанушының Сақтандырушының пайдасына мүлік ретінде КҚ-дан бас тарту "абандон" туралы жазбаша өтініші.

15.2. Сақтанушы/Сақтандырылушы/ Пайда Алушы сақтандыру жағдайы басталуына және келтірілген залалдар мөлшеріне көлік құралын сақтауга қызығушылықты растайтын өзге дәлелдер тапсыруға құқылы.

15.3. Егер ұсынылған құжаттар мен мәліметтерде сақтандыру төлемі туралы шешім қабылдау үшін, оның ішінде сақтандыру шарты бойынша өтелуге жататын келтірілген зиянның мөлшерін айқындау, зиян келтіруге әкеп соққан сақтандыру оқиғасының сипатын, себептері мен мән-жайларын белгілеу, сақтандырушының зиян келтірілген адамға (зиян келтіруге жауапты) талап ету құқығын іске асыру үшін, сондай-ақ қарама-қайшы ақпаратты қамтуы үшін қажет ақпараттар болмаған жағдайда Сақтанушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемі туралы/ сақтандыру төлем төлеуден бас тарту туралы негізделген шешім қабылдауға қажет, ақпараттарды сұрау себептерін түсіндірген үәжді хатты жөнелту жолымен қосымша ақпарат сұрастыруға құқығы бар.

15.4. Жеке тұлғалармен жасалған сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды Сақтандырушының қараша мерзімі, 15.1-тармақтың талаптарына сәйкес барлық қажетті құжаттар ұсынылғаннан кейін, 15 (он бес) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

15.5. Кейбір жекелеген жағдайларда Сақтандырушы мемлекеттің құзырлы және басқа органдарында Сақтанушының мүддесін қорғау құқығына сенімхат сұрастыруы мүмкін.

**16. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕ КЕЛІСУ НЕМЕСЕ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНЕН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ МЕРЗІМІ**

- 16.1. Сақтандыру төлемі Пайда алушыға накты залал мөлшерінде, одан сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы шегінде шартсыз франшиزانы шегеру арқылы жүзеге асырылады.
- 16.2. Барлық қажетті құжаттарды алған күннен бастап Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдайды және сақтандыру төлемін жүзеге асырады немесе Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан жазбаша дәлелді бас тартуды жібереді:

- 16.2.1. «АЙДАП КЕТУ» немесе «ҮРЛАУ» сақтандыру жағдайы бойынша заңды тұлғалармен жасалған сақтандыру шарттары бойынша 30 (отыз) жұмыс күні ішінде, Жеке тұлғалармен жасалған сақтандыру шарттары бойынша 15 (он бес) жұмыс күні ішінде.;
- 16.2.2. барлық басқа сақтандыру жағдайлары бойынша 7 (жеті) жұмыс күні ішінде.
- 16.3. Бұл ретте Сақтандырушы жеке тұлғалармен жасалған сақтандыру шарттары бойынша 15.4-тармақта белгіленген шекті мерзімнен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.
- 16.4. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 353 бабына сәйкес жауапты болады.
- 16.5. КҚ-ның ауыстырылатын қосалқы бөлшектердің күны мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырганнан кейін Сақтандырушының талабы бойынша Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы салдарынан бұлғын КҚ қосалқы бөлшектерін беруге міндетті.
- 16.6. егер сақтандыру Шартында "ЗАЛАЛ" сақтандыру жағдайы бойынша залалды өтеу нұсқасы "КҚ тозуын ескере отырып жасалған, калькуляция бойынша" болып табылмаса және сақтандыру Шартында "ЗАЛАЛ" тәуекелі бойынша шартсыз франшиза көзделсе және бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен үшінші тұлғалардың кінәсі белгіленесе, онда "ЖКО" тәуекелі бойынша франшиза" қолданылмайды.
- 16.7. Бір себеппен салдарынан орын алған бірнеше шығындар бір сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылады.
- 16.8. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру төлемі сомасының шегіндегі табиги нысан түріндегі өтемеге алмастыра алады.
- 16.9. Егер сақтандыру Шартында сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің нұсқасы "ЗАЛАЛ" сақтандыру жағдайы бойынша "бірінші сақтандыру жағдайына дейін" болып табылса сақтандыру қорғанысы сақтандыру Шартының қолданылу кезеңінде бірінші сақтандыру жағдайына дейін қолданылады.
- 16.10. Егер сақтандыру Шартында сақтандыру шартының қолданылу мерзімінің нұсқасы "сақтандыру сомасы таусылғанға дейін" болып табылса, онда сақтандыру сомасы таусылғаннан кейін сақтандыру сомасы жүргізілген сақтандыру төлемінің сомасына азаяды және сақтандырушы жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің мөлшеріне азайтылған сақтандыру сомасы шегінде жауапкершілікті жалғастырады.
- 16.11. Егер КҚ-та келтірілген залалдың мөлшері сақтандыру Шартта көзделген франшизаны шегергенде, "тиісті үәкілетті органдардың өкілдері жасаған құжаттарының" опциясы бойынша шектемеден асатын болса, онда сақтандыру төлемі көрсетілген шектеме мөлшерінде жүзеге асырылады.
- 16.12. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы сақтандыру Шартында көзделген залалдарды өтеу нұсқасына сәйкес Сақтанушы ұсынған құжаттар:
- 16.12.1. сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған есептелген КҚ амортизациясын (тозуын) шегергендең бұлғын КҚ-ды қалпына келтіру құнын есептеу негізінде Сақтандырушы жасаған залалды есептеу (калькуляция);
- 16.12.2. Сақтандыру компаниясының таңдауы бойынша ТҚҚО шоттары негізінде, келесі схема бойынша жүргізіледі:
- 16.12.2.1. Сақтандырушы жолдама бойынша Сақтанушының КҚ жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуі белгілі бір ТҚҚО-қа тапсырады. Сақтандырушыдан жолдауда КҚ туралы жалпы мәліметтерден басқа, егер мұндай оқиға орын алған жағдайда сақтандырумен қамтылмайтын залалдар туралы, сондай-ақ франшиза туралы ақпарат қамтылған.
- 16.12.2.2. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының салдарынан бұлғын КҚ-н жібергеннен кейін Сақтанушы КҚ-ды тексеруді жүргізеді және жабылмайтын зақымданулар мен ақаулар туралы ақпаратты ескере отырып, КҚ-ның ақау актісін жасайды. Қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың бір бөлігі сақтандыру жағдайымен байланысты болмаган және/немесе сақтандыру Шартының талаптарымен жабылмаған жағдайда, ТҚҚО Сақтанушының өз есебінен жабылмайтын зақымдарды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары туралы пікірлерін немесе осы зақымдануларды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарынан бас тартуды ескере отырып, ақаулы акт жасайды. Егер Сақтанушы сақтандыруға жатпайтын бөлігінде КҚ жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын өз есебінен төлеуге ниет білдірсе, Сақтандырушыға КҚ-ды сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған зақым бойынша жөндеу – қалпына келтіру жұмыстарын төлеуге шот және Сақтанушыға- өзге зақымдарды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын төлеуге басқа шот береді.
- 16.12.2.3. Ақаулық актіні зерделегеннен кейін Сақтандырушы ТҚҚО-қа келісілген ақаулық актіні жібереді не келіспеген жағдайда шығыстар сметасы бойынша келіспеушіліктер хаттамасын

жасайды және жібереді. Сақтандырушы тарапынан ескертулер қабылданған жағдайда, ТҚКО "келісілді" визасымен келіспеушіліктер хаттамасын қайта жібереді және жұмыстар жүргізуге кіріседі.

16.12.2.4. Осыдан кейін ТҚКО Сақтандырушыға франшиза сомасы есепке алынбаған төлеу шотын жөнелтеді, ол Сақтандырушының жолдамасында көрсетіледі. Егер франшиза сомасы төлем шотына енгізілген жағдайда, Сақтандырушы франшиза сомасын шегергендеңі шот бойынша соманы төлейді. Сақтандырушының бағытында көрсетілген франшиза сомасына тең жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары құнының сомасын Сақтанушы төлеуге тиіс.

16.12.2.5. Егер сақтандыру Шартында сақтандыру төлемнің нұсқасы "Сақтандыру компаниясын таңдау бойынша ТҚКО" болып табылса, тіпті "дилерлік орталыққа" кепілді қызмет көрсетудің жазбаша растамасын ұсынған жағдайда да-КК залалын өтеуді тек Сақтандырушының ТҚКО шотына сәйкес төлейді, сондай-ақ КК-н қалпына келтіру жөндеу жұмыстары Сақтандырушының ТҚКО-да жүзеге асырылатын болады. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемін Сақтандырушы "КК тозуын ескере отырып жасалған, калькуляция бойынша" сақтандыру төлемінің нұсқасы бойынша жүргізе алады.

**16.12.3. Сақтанушының таңдауы бойынша ТҚКО-та нақты жөндеу негізінде дилерлік орталықтың ТҚКО шоты/келесі схема бойынша:**

16.12.3.1. Сақтанушы Сақтандырушының өкілімен зақымдалған КК-н тексеру және ақаулы актіні жасау уақыты мен орнын келіседі. Ақау актісі негізінде төлем Сақтандырушы арқылы тек сақтандыру жағдайы салдарынан КК-келтірілген залалды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген сол ТҚКО шотымен ғана жүргізіледі.

16.12.3.2. Сақтандырушы Сақтанушымен қамтылмайтын зақымданулар мен ақаулар туралы ақпаратты өзара келіседі. Қалпына келтіру жөніндегі жұмыстардың бір бөлігі сақтандыру жағдайымен байланысты болмаған және/немесе сақтандыру Шартының талаптарымен жабылмаған жағдайда, ТҚКО Сақтанушының өз есебінен жабылмайтын зақымдарды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары туралы пікірлерін немесе осы зақымдануларды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарынан бас тартуды ескере отырып, ақаулық актісін жасайды. Егер Сақтанушы сақтандыруға жатпайтын бөлігінде КК жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын өз есебінен төлеуге ниет білдірсе, Сақтандырушыға КК-н сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған зақым бойынша жөндеу – қалпына келтіру жұмыстарын төлеуге шот және Сақтанушыға- өзге зақымдарды жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын төлеуге басқа шот береді.

16.12.3.3. Сақтандырушы ТҚКО жасаған ақаулық актіні алғаннан кейін онда көрсетілген жөндеу жұмыстары құнының, ауыстыруға жататын бөлшектердің тізбесінің және олардың нарықтық құнының негізділігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады. Шығыстар сметасы бойынша келіспеген жағдайда ТҚКО мекенжайына, сондай-ақ КК жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша Сақтанушының баламалы, негізделген және талаптарына сай ұсыныс жасайды және жібереді. Жөндеу жұмыстары, ауыстыруға жататын бөлшектер тізбесі және олардың нарықтық бағасы, шеберлер сағатының нормасына катысты соманы 20% - ға арттырған жағдайда, сақтандыру төлемі Сақтандырушы ұсынған ТҚКО шоты бойынша жүзеге асырылады, осы тармақ егер сақтандыру Шартында сақтандырушының таңдауы бойынша ТҚКО нақты жөндеу бойынша опция таңдалса қолданылады.

16.12.3.4. Сақтандырушы ақаулық актіні мақұлдаған кезде, ТҚКО Сақтандырушыға жүргізілетін жұмыстардың атавы мен құнын көрсете отырып, сақтандыру Шартында көрсетілген франшиза сомасын есепке алмай, төлем шотын береді. Егер франшиза сомасы төлем шотына енгізілген жағдайда, Сақтандырушы франшиза сомасын шегергендеңі шот бойынша соманы төлейді. Сақтандыру Шартында көрсетілген франшиза сомасына тең жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары құнының сомасын Сақтанушы төлеуге тиіс.

16.12.3.5. КК жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын Сақтанушы, КК иесінен немесе Сақтанушы үәкілдектік берген тұлғадан келіп түсken Сақтандырушымен келісілген тиісті өтініші болған жағдайда ғана өз есебінен жүргізе алады.

16.13. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру төлемі "КК тозуын ескере жасалған калькуляция" бойынша сақтандыру төлем нұсқасы негізінде сақтандыру Шартындағы белгіленген сақтандыру төлем нұсқасына қарамастан Сақтандырушы арқылы жүргізіле алады.

16.14. КК толық қалпына келтірілген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтанушы Сақтандырушыға жүргізілген жұмыстардың атавы мен құнын көрсете отырып, сақтанушы мен ТҚКО өкілі қол қойған орындалған жұмыстар актісінің түпнұсқасын және Сақтандырушының апattyқ комиссарының қайта қарап шығуы және фото тіркеу үшін жөнделген КК ұсынуға міндетті, болмаған жағдайда Сақтандырушы КК тораптары мен бөлшектерінің кейінгі ұқсас зақымдануы үшін жауапты болмайды;

- 16.15. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізгеннен кейін қайталама сақтандыру жағдайы орын алған кезде және орындалған жұмыстар актісі болмаған кезде қайталама сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемінің сомасынан қайта бүлінген бөлшектер мен қосалқы бөлшектер бойынша бұрын жүргілген сақтандыру төлемінің сомасы шегеріледі.
- 16.16. Орындалған жұмыстар актісі бойынша КҚ жөндеу-қалпына келтіру құнынан асатын мөлшерде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жузеге асырған кезде Сақтанушы/Пайда алушы сақтандыру төлемінің сомасы мен жүргілген жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының сомасы арасындағы айырманы Сақтандырушыға жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары аяқталған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қайтаруды жузеге асыруға міндетті.
- 16.17. Қазақстаннан тыс, өзге ТМД елдер аумағында сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде, Сақтандыру Шартында көрсетілген сақтандыру төлемінің нұсқасына қарамастан, сақтандыру төлемі уәкілетті орган жасаған, оқиғаның басталу фактісін растайтын, Сақтанушы ұсынған құжаттар және КҚ-ның есептелген амортизациясын (тозуын) шегергенде КҚ-н қалпына келтіру құнының мөлшерінде бағалау туралы есеп негізінде және Ережелердің 16.1-тармақты ескере отырып, сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған КҚ-ға келтірілген нақты залал мөлшерінде жузеге асырады.
- 16.18. "КҚ-ның толық жойылуы" кезінде (тәуелсіз бағалаушы және/немесе Сақтандырушы қалпына келтіру жөндеуінің орынсыздығын немесе ТҚҚО-дағы нақты жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары бойынша қалпына келтіру жөндеу жұмыстарының құны, сақтандыру жағдай орын алған күнгі КҚ нақты құнының 80% құрайтын, КҚ жойылуы)
- 16.19. Сақтандырушының сақтандыру төлемін келесі нұсқалардың бірі бойынша жузеге асыруға құқығы бар:
- 16.19.1. Ережелердің 16.1-тармағын ескере отырып, сақтандыру сомасы мөлшерінде, Сақтанушы сақтандырушыға одан әрі пайдалануға жарамды қалдықтарды берген жағдайда;
- 16.19.2. Ережелердің 16.1-тармағын ескере отырып, сақтандыру сомасы мөлшерінде, әрі қарай пайдалануға жарамды қалдықтардың құнын шегергенде;
- 16.20. сақтандыру төлемі КҚ-н қабылдау-беру актісі жасалғаннан кейін орнында жоқ (ауыстырылған) бөлшектер мен агрегаттар құнын шегеру арқылы және/немесе олардың закымдануы және орнында болмауы сақтандыру жағдайға қатыссыз болған жағдайда Сақтанушы және Сақтандырушы арасында жүргізіледі. Бұл ретте, егер сақтандыру жағдайы орын алған күніндегі КҚ-ның нақты құны сақтандыру Шартын жасасу күніндегі КҚ-ның нақты құнынан аз екені анықталса, сақтандыру төлемі артық төленген сақтандыру сыйлықақысын қайта есептеу және қайтару арқылы, сақтандыру жағдайы күніндегі КҚ-ның нақты құны мөлшерінде жузеге асырылады.
- 16.21. КҚ-н Сақтандырушыға беру үшін ол жузеге асырылу мақсатында полиция экімшілік комитетінен және кеден органдарынан есептен шығарылуға тиіс. КҚ-н есептен шығару Сақтандырушының немесе оның өкілінің пайдасына немесе Сақтандырушының келісімімен кәдеге жаратуға жөнелтіледі.
- 16.22. КҚ сақтандыру жағдайы орын алған кезінде болған жиынтық қүйінде қалуы тиіс. КҚ-н есептен шығару бойынша шығындар Сақтандырумен қамтылмайды.
- 16.23. сақтандыру төлемін жузеге асырғаннан кейін бүлінген КҚ-н меншік құқығы сақтандырушыға өтеді және сақтандыру Шартының әрекет етуі токтатылады.
- 16.24. Егер сақтандыру сомасы сақтандыру Шарты жасалған күнгі КҚ -ның нақты құнынан аз болса, онда сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының сақтандыру Шартын жасасу күніндегі КҚ-ның нақты құнына қатынасына барабар жүргізіледі. Егер сақтандыру сомасы сақтандыру Шартын жасасу күніндегі КҚ-ның нақты құнынан асатын болса, сақтандыру Шартын жасасу күніндегі КҚ-ның нақты құнының сақтандыру сомасына сәйкес келмеу фактісін Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде белгілеуі мүмкін.
- 16.25. Сақтандыру сомасы сақтандыру Шартын жасасу сәтіндегі КҚ нақты құнынан аз болған жағдайда (толық сақтандырмай) сақтандыру төлемінің мөлшері келесі формула арқылы есептеледі:  
 СТ = (Залал \*)- Франшиза, мұнда:  
 СТ-сақтандыру төлемі;  
 Залал - залал сомасы;  
 СС-сақтандыру сомасы;
- НҚ-сақтандыру шартын жасасу сәтіндегі сақтандырылған КҚ-ның нақты құны.  
 Франшиза-сақтандыру Шартында көзделген франшиза мөлшері.
- 16.26. Көлік қозғалысы кезінде автокөлік шиналары мен доңғалақ дисқілерінің закымдануы немесе толық жойылуы сақтандыру жағдайы нәтижесінде КҚ-н басқа да залал келтірілген кездеғана

өтеделі.

- 16.27. Келесі жағдайда сақтандыру төлемі "АЙДАП КЕТУ немесе ҮРЛАУ" сақтандыру жағдайы бойынша залал сомасының 50% мөлшерінде жүргізіледі: Егер Сақтанушы КҚ салонында КҚ тіркеу туралы қуәлікті және/немесе КҚ кілттерін қалдырып кеткен болса.
- 16.28. Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату Сақтандырушыны Сақтандырылушиға және/немесе Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бір мезгілде босатады. Бұл жағдайда Жәбірленушілерге келтірілген зиянды өтеу үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасында көзделген тәртіппен тікелей зиян келтірушіге жүктеледі.
- 16.29. Осы Ережелердің 15-тарауында жазылған құжаттар 90 күнтізбелік күн өткеннен кейін, Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы өтініш берілген сәттен бастап, егер 60 күнтізбелік күн өткеннен кейін тапсырылмаса, Сақтандырушы Сақтанушыға/Пайда алушыға құжаттарды Сақтандырушыға беру қажеттілігі туралы еске сала отырып, хат жіберу әдісімен тиісті турде хабарлаған болса Сақтандырушының сақтандыру төлемінен бас тартуға құқығы бар.
- 16.30. КҚ толығымен жойылса, сондай-ақ сақтандыру Шартында өзгесі көзделмесе, "АЙДАП КЕТУ немесе ҮРЛАУ" тәуекелдігі бойынша Сақтанушы Пайда алушы болып табылады.
- 16.31. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуы Сақтанушы арқылы сотта немесе сақтандыру Омбудсманға шағымданылады.

## 17. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ӨЗГЕРТІЛУІ ЖӘНЕ ТОҚТАТЫЛУЫ. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ЖАРАМСЫЗДЫҒЫ

- 17.1. Қажет болған жағдайда сақтандыру Шартының талаптары Тараптардың өзара келісімімен өзгеріледі. Сақтандыру Шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар, егер олар сақтандыру Шартына қосымша келісім құрастыру арқылы жазбаша рәсімделген және Тараптардың үәкілдепті өкілдері арқылы қол қойылған жағдайда занды қүшіне ие болып табылады.
- 17.2. Сақтандыру Шарты Қазақстан Республикасының заннамасы және сақтандыру Шартында көзделген міндеттемелерді тоқтату негізdemelerden тыс келесі өзге жағдайларда тоқтатылады:
  - 17.2.1. сақтандыру Шартының әрекет ету мерзімінің өтуі;
  - 17.2.2. кепіл Шарты қолданылуын тоқтату;
  - 17.2.3. лизинг Шарты қолданылуын тоқтату;
  - 17.2.4. соттың сақтандыру Шартын жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдауы;
  - 17.2.5. Тараптардың бірінің талабы бойынша;
  - 17.2.6. егер "ЗАЛАЛ" сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі "Сақтандыру сомасы таусылғанға дейін" ретінде айқындалған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сомасының толық мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған болса;
  - 17.2.7. егер "ЗАЛАЛ" сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру шартының қолданылу мерзімі "Бірінші сақтандыру жағдайына дейін" ретінде айқындалған жағдайда, Сақтандырушы бірінші пайда болған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған болса.
  - 17.2.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасында көзделген басқа жағдайларда.
  - 17.3. "АЙДАП КЕТУ немесе ҮРЛАУ" алғашқы сақтандыру жағдайы бойынша Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізгеннен кейін Ережелердің 13.4.8 - 13.4.9 тармақтарында қарастырылған Сақтанушы міндеттері бөлігінде сақтандыру Шарты әрекетін жалғастыра асырады.
  - 17.4. Сақтандыру шарты Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша, сондай-ақ Тараптардың өзара келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
  - 17.5. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату ниеті туралы Тараптар екінші жағын сақтандыру Шартын бұзудың болжамды күніне дейін кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын хабардар етуге міндетті.
  - 17.6. Сақтанушының немесе Сақтандырушының талабы бойынша немесе Осы Ережелердің 17.6.1. және 17.6.2 тармақтарында айқындалған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің қолданыстағы нұсқасында қарастырылған шарттар бойынша сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде, Сақтандырушы Сақтанушыға төменгі формула арқылы есептелген, сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарады:

$$(100\% - 30\%) * \left( TCC - C \frac{CC * i}{N} \right), \text{ мұндағы :}$$

**30%** - Сақтандырушының істі жүргізуға арналған шығыстары;

**TCC** - сақтандыру Шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;

**CC** - сақтандыру Шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;

**i** - Пайдаланылған күндер саны (жүгінген күні пайдаланылмаган болып есептеледі);

*N - сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі (күндермен).*

- 17.6.1. Сақтанушы - жеке тұлғаның талабы бойынша сақтандыру шарты Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қолданыстағы нұсқасында көзделген шарттар бойынша жасалған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға төменгі формула бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін қайтарады:

$$(100\% - 10\%) * \left( TCC - \frac{CC * i}{N} \right), : \text{мұндағы}$$

**10%** - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;

**TCC-сақтандыру Шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;**

**CC-сақтандыру Шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;**

**i - Пайдаланылған күндер саны (жүгінген күні пайдаланылмаган болып есептеледі);**

**N-сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі (күндермен).**

- 17.6.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің қолданыстағы нұсқасында қарастырылған талаптар негізіндегі қарыз Шарты бойынша қарыз беруші алдындағы міндеттерді ол (қарыз алушы) орындаған себептен, қарыз Шартымен байланысты Сақтанушы-жек тұлға талабымен сақтандыру Шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Сақтандырушы төменгі формула арқылы сақтандыру сыйлықақысының бөлігін Сақтанушыға қайтарады:

$$(100\% - 10\%) * \left( TCC - \frac{CC * i}{N} \right), : \text{мұндағы}$$

**10%** - Сақтандырушының істі жүргізуге арналған шығыстары;

**TCC-сақтандыру Шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысы;**

**CC-сақтандыру Шарты бойынша жалпы сақтандыру сыйлықақысы;**

**i - Пайдаланылған күндер саны (жүгінген күні пайдаланылмаган болып есептеледі);**

**N-сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі (күндермен).**

- 17.7. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушы кінәсінен болып орындалмауынан туындаған жағдайларда соңғысы Сақтанушыға төленген сақтандыру сыйлықақысын не сақтандыру жарналарын толығымен қайтаруға міндетті.

- 17.8. Кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген күннен бастап сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген жағдайда кезекті сақтандыру жарнасы төленбесе, сақтандыру қорғанысы автоматты түрде тоқтатылады. Сақтандыру қорғаныс әрекетін тоқтата түрү, кешіктірілген жарна төленген сәтке дейін күшінде болады. Бұл ретте сақтандыру Шартының қолданылу мерзімі сақтандыру қорғаныс тоқтата тұрған кезеңге ұзартылмайды.

- 17.9. Егер сақтандыру қорғанысын тоқтата түрү уақыты 30 (отыздан) астам күнтізбелік күнге созылған жағдайда Сақтандырушының сақтандыру Шартын соттан тыс тәртіппен мерзімінен бұрын бір жақты бұзуға құқығы бар. Бұл ретте Сақтанушы бұрын төлеген сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

- 17.10. Сақтанушы шарттан бас тартқан кезде (ҚР АК 841-бабының 2-тармағы), егер бұл ҚР АК 841-бабы 1-тармағының бірінші болігінде, ҚР АК 842-бабы 2-тармағының екінші және үшінші боліктерінде көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, егер шартта өзгеше көзделмесе, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы не сақтандыру жарналары қайтарылуға жатпайды.

- 17.11. Бұзылуға жататын Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдері жүзеге асырылған болса, сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның бір болігі) қайтарылуға жатпайды. Заннамада көзделген мәмілелердің жарамсыз деп танылуының жалпы негіздерінен болек, сақтандыру шарты келесі жағдайларда жарамсыз деп танылады:

- 17.11.1. заңды күшіне енген соттың тиісті шешімі негізінде тәркілеуге жататын мүлік не Қылмыстық жолмен алынған немесе қылмыстық құқық бұзушылық нысанасы болып табылатын мүлік сақтандыру объектісі болып табылса;

- 17.11.2. сақтандыру жағдайы ретінде Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 817-бабыны тармағында көзделген белгілерден айырылған оқига көзделсе;

- 17.11.3. сақтандыру Шартының талаптары сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемін

жүзеге асыруды болдырмайды;

- 17.11.4. Сақтанушы сақтандыру шартын жасасу кезінде заңсыз пайда алу мақсатын, оның ішінде сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін сақтандыру шартын жасау арқылы саналы түрде көзделген;
- 17.11.5. Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) сақтандыру мүддесі жоқ;
- 17.11.6. Тараптар арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабының 1-тarmaғында көзделген сақтандыру шартының елеулі талаптары туралы келісім жоқ.

## 18. ҚОСАРЛАНГАН САҚТАНДЫРУ

- 18.1. Сақтандыру Шартын жасасу кезінде және оның қолданылу кезеңінде Сақтанушы Сақтандырушыны басқа сақтандырушылармен жасасқан ұқсас тәуекелдерді сақтандырудың барлық шарттары туралы хабардар етуге міндетті.
- 18.2. Егер сақтандыру Шарты бойынша сақтандырылған ұқсас тәуекелдер бойынша сақтандыру жағдайы сәтінде, Басқа сақтандыру Шарттары әрекет ету күшінде болған болса, шығындар бойынша өтемдер КҚ сақтандырылған сақтандыру сомалар шенберінде әр сақтандырушымен барабар үйлестіріледі, ал Сақтандырушы сақтандыру төлемнің жалпы сомасы келтірілген залал сомасынан аспауға тиіс болғандықтан, өз үлесіне тәң төлемді ғана жүргізеді.
- 18.3. Қосарланған сақтандыру кезінде Сақтандырушы оқиганың себептері мен сақтандыру жағдайының белгілері бар мән жайларын анықтауға, сақтандыру жағдайының нәтижесінде келтірілген залалдың мөлшерін басқа сақтандырушылармен бірлесіп айқындауға құқылы.

## 19. СУБРОГАЦИЯ

- 19.1. Сақтандыру нәтижесінде өтелген шығындар үшін жауапты тұлғага қатысты, Сақтанушының/Пайда алушының талап ету құқығы, төленген сома шенберінде сақтандыру төлемін жүргізген Сақтандырушыға өтеді. Сақтанушы/Пайда алушы сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға барлық құжаттар мен дәлелдемелерді беруге және оған Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.
- 19.2. Егер Сақтанушы/Пайда алушы Сақтандырушы өтеген шығындар үшін жауапты тұлғага талап қою құқығынан бас тартса, немесе осы құқықты жүзеге асыру Сақтанушының/Пайда алушының кінесінен мүмкін болмай қалса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде жүзеге асырудан босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## 20. ФОРС-МАЖОР

- 20.1. Келесі Форс-мажорлық мән-жайлар-төтенше жағдайлар кезінде егер бұл міндеттемелерді орындау сақтандыру Шарты жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, оны болжау да, еңсеру де мүмкін болмаган төтенше сипаттағы оқиғалардың нәтижесінде орын алған болса Сақтандырушы сақтандыру Шарты бойынша міндеттемелерді орындаудан босатылады.
- 20.2. Форс-мажор жағдайлары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді: су тасқыны, ерттер, жер сілкіністері және басқа да табиғи апаттар, кез келген сипаттағы соғыстар немесе әскери әрекеттер, блокадалар, мемлекеттік органдардың тыбымдары.
- 20.3. Сақтандыру Шарты бойынша міндеттемелерді орындаған немесе тиісінше орындаған Тарап егер тиісті орында еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың салдарынан тиісті түрде орындау мүмкін емес болғаны дәлелдесе, мүліктік жауаптылықта болмайды.
- 20.4. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсерін бастаң кешіретін Тарап мұндай жағдайлардың басталуы туралы екінші Тарапқа 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.
- 20.5. Форс-мажорлық мән-жайлардың әсері құзырлы органдардың тиісті құжаттамаларымен расталуға тиіс.

## 21. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

- 21.1. Сақтандыру Шарты бойынша Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келісімге қол жеткізілмеген кезде дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қаралады.
- 21.2. Залалдың себептері мен мөлшері туралы даулар туындаған жағдайда Тараптардың әрқайсысының тәуелсіз бағалауды жүргізуі талап ету құқығы бар. Тәуелсіз бағалау оны жүргізуі талап еткен Тараптың есебінен жүргізіледі.

**22. ҚОСЫМША ШАРТТАР**

- 22.1. Сақтандыру сыйлықақысы, сақтандыру сомасы және сақтандыру төлемі жүргізілетін валюта түрі-тенге.
- 22.2. Сақтандыру Шартының мазмұны мен талаптары сақтандырудың құпиясы болып табылады. Тараптардың міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен талап етілестін жағдайларды қоспағанда, қатаң құпиялышты сақтауға және сақтандыру шартының ережелерін, мазмұнын және талаптарын, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жария етуге құқығы жоқ.
- 22.3. Егер сақтандыру шартына тиісті қосымша келісімді ресімдеу жолымен Тараптар арқылы өзгесі келісілмесе, құқықтар мен міндеттердің басқа адамдарға ауысуына жол берілмейді.
- 22.4. Сақтандыру Шартын орындау мақсатында немесе оған байланысты Тараптар бірі біріне жолдаған барлық қосымшалар, назар аудару хаттары, хабардар ету хаттары, хабарламалар, ұсыныстар жазбаша нысанда орындалуға тиіс және егер олар сақтандыру Шартында көрсетілген мекенжайлар бойынша жонелтуді/алуды тіркеуді қамтамасыз ететін тәсілмен жіберілсе, тиісті нысанда берілген болып есептеледі.
- 22.5. Сақтандыру шартында көзделмеген өзге мәселелердің барлығы осы Ережелер және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі. Ережелер мен сақтандыру Шарты арасында қайшылықтар болған жағдайда, осы Ережелердің шарттары қолданылады.
- 22.6. Сақтандыру Шартына қол қою арқылы Сақтанушы өзінің ережелермен келісітінін асырады. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Сақтанушының ережелердің білмеуіне немесе олардың берілмегендігіне сылтау сілтеме жасауға құқығы жоқ.
- 22.7. Сақтандыру Шартына қол қою арқылы Сақтанушы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтай отырып, сақтандыру шартын жасасқанға дейін және оның сәтінде ұсынылған жеке деректерін өңдеуге, пайдалануға және сақтауға өзінің келісімін береді,
- 22.8. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімін ұзарту кезінде Сақтандырушының Пайда алушының рұқсатымен сақтандыру Шартының талаптарына өзгерістер енгізу құқығы бар. Сақтанушы ұсынылған шарттармен келіспеген жағдайда, сақтандыру Шарты токтатылуға жатады және егер сақтандыру Шарты кепіл Шарты негізінде жасалған болса, төленген сақтандыру сыйлықақылары қайтарылуға жатпайды.